



**ЖЕМҚОРЛЫҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРІН
ТАЛДАУ**
КЕЛЕҢСІЗДІКТЕРМЕН
КҮРЕСУГЕ
МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

3-бет



**ЖЕКЕ СОТ
ОРЫНДАУШЫЛАРҒА
ҚАТЫСТЫ
ДАУ КӨП**

6-бет



**ШЕТКІ
ҮЙ**

8-бет

ЗАҢ газеті

№85 (3616) 10 қараша 2023

zangazet@mail.ru

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

Бағлан ҚАРҒҰЛОВ,
Ұлттық статистика бюросының
Алматы облысы бойынша
департаментінің бастығы:

«АЙМАҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТҰРАҚТЫ»

– Бағлан Абайбекұлы, Ұлттық статистика бюросының өзіңіз жетекшілік ететін Алматы облысы бойынша департаментінің аймақ дамуын айқындаудағы маңызы зор. Сондықтан бүгінгі сұхбатымызды республикада халық саны жағынан алғашқы үштікте тұрған өңірдің өндірісінен бастасақ...

– Алматы облысының бұл саладағы басты артықшылығы ауыл шаруашылығы екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз. Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы биылғы қаңтар-қыркүйекте 586,2 млрд теңгені құрап, облыстың республикадағы үлесі 9,4% құрады.

Ауыл шаруашылығындағы 583,8 млрд теңге өнімнің 318,9 млрд-ы мал, 263,9 млрд-ы өсімдік шаруашылығының үлесінде. Алматы облысы 1 қазандағы жағдай бойынша республикада құс саны бойынша (9 811,7 мың бас) екінші, қой мен ешкі саны (2 904,8 мың бас) бойынша үшінші, ірі қара малдың саны (748,3 мың бас) бойынша төртінші орында тұр.

Облыс республикада шарап, жеміс-көкөніс шырындары, темекі өнімдері, ірі қара мал терісінен жасалған былғары, гофрленген картоннан жасалған ыдыстар өндіру бойынша да басымдыққа ие.

Өндірісте өнеркәсіптің барлық салалары бар: тамақ, темекі өнімдері, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, құрылыс индустриясы, фармацевтика, электр энергиясын өндіру және т.б. 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1302,1 млрд теңгемен, оның республикадағы үлесі 3,8 пайызды құрады. Өнеркәсіп өндірісінің басым бөлігін өңдеу (90,5%) мен электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен жабдықтау (8,3%) құрады. Облыс халқын электрмен үздіксіз қамтамасыз ету үшін бүгінгі таңда 9 жел және 5 күн электр станциясы жұмыс істейді.

(Соңы 2-бетте)

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕТЕКТИВ – ЖАҢА ДӘУІР ЖАНРЫ



Бүгінгі таңда қазақ детективі десе көзіқарақты оқырман бірден «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ұйымдастыратын Кемел Тоқаев атындағы республикалық детектив байқауын атайды. Бұл негізсіз емес. 2018 жылдан бері дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілетін шара биыл алтыншы рет ұйымдастырылды.

ФОРУМ

ӨЗГЕРМЕЛІ ӘЛЕМДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Жақында Өзбекстанның Самарқанд қаласында «Өзгермелі әлемдегі Еуразия: ынтымақтастықтың күн тәртібі» тақырыбында XVI Верона Еуразия экономикалық форумы өтті. Онда адам құқықтары, еуразиялық интеграция, экономика және қаржы, энергетика, жаңа технологиялар мен инновациялар саласындағы мемлекетаралық өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Форумның ашылу салтанатына Өзбекстан Премьер-министрінің орынбасары – Жамшид Ходжаев, Ресей Премьер-министрінің орынбасары – Алексей Оверчук, Халықаралық ынтымақтастық қорының президенті, Еуропалық комиссияның бұрынғы төрағасы, Италияның бұрынғы Премьер-министрі – Романо Проди, «Еуразияны тану» қауымдастығының президенті – Антонио Фаллико қатысты.

Романо Проди өз сөзінде әлемде болып жатқан саяси және экономикалық процестерге сипаттама берді. «Біз бейбіт қатар өмір сүру үшін жұмыс істеуіміз керек. Өкінішке қарай, сыртқы саясат саласында мұндай ерік-жігерді әлі

көре алмай тұрмын. Бұл адамдар арасындағы қарым-қатынасты жоймауы керек, керісінше біріктіруші әлеуетке ие болуы қажет. Жалпы ақиқатты, жалпы ережелерді қалыптастыру үшін арамыздағы айырмашылықтарды ұтымды пайдалануымыз керек» деді Романо Проди. Ал Антонио Фаллико форумның батыс пен шығысқа, солтүстік пен оңтүстікке өтетін жол қиылысында өтуінің символдық мәні зор екенін айтты.

Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы, Қазақстан атынан Еуропа кеңесінің Венециялық комиссиясының мүшесі Игорь Рогов форумға

қатысушыларды Қазақстандағы құқық қорғау қызметінен хабардар етті. Қазақстан адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды бейбітшілікті, әділдікті және әл-ауқатты қамтамасыз етудің маңызды шарты деп танытынын атап өтті. Адамның құқығы мен бостандығын қамтамасыз етпей, демократиялық және құқықтық мемлекет, әлеуметтік-экономикалық прогресс құру мүмкін емес. Ол сондай-ақ бизнесті қорғау мемлекеттегі басымдықтардың бірі екенін атап өтті. Республикада кәсіпкерлерді қылмыстық процестің орбитасына заңсыз тартуды болдырмау бойынша шаралар қабылданды, өйткені дәл осы салада бизнес мемлекет тарапынан барынша қысым көріп отыр. Сонымен қатар, Рогов бизнесті және инвесторларды қорғаудың тиімді тетіктері ретінде жұмыс істеп отырған «Астана» халықаралық қаржы орталығының және Сот пен Халықаралық төрелік орталығының қызметі туралы хабарлады.

Экономикалық салада жасанды интеллектті пайдаланудың құқықтық мәселелерін көтерген форум спикерлерінің сөзіне түсініктеме бере отырып, Игорь Рогов Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша жасанды интеллектті қолдану саласында адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге арналған нормативтік-құқықтық база әзірленіп жатқанын хабарлады.

Форум модераторлары мен спикерлерінің қатарында Ресей Президентінің кеңесшісі – Валерий Фадеев; Ресей Федералды жиналысының Мемлекеттік Думасының депутаты – Вячеслав Фетисов; Вашингтондағы ұлттық мүдделер орталығының құрметті президенті – Дмитрий Саймс; Бас хатшы, International Technology Transfer Network (ITTN) – Джон Чжан секілді халықаралық, Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың көрнекті өкілдері болды.

Форумды «Еуразияны тану» қауымдастығы, Росконгресс қоры және Өзбекстанның инвестициялар, өнеркәсіп және сауда министрлігі ұйымдастырғанын айта кету керек.

**Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Адам құқықтары жөніндегі
комиссияның хатшылығы**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕТЕКТИВ – ЖАҢА ДӘУІР ЖАНРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Марапаттау рәсімі 8 қарашада Талдықорған қаласындағы Салтанат сарайында өтті. Кемел Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген байқауға Жетісу облысының әкімдігі демеуші болды. «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС-нің директоры Досымбек Өтеғалиев: «Осы доданың арқасында талай қаламы қарымды жазушы, журналистер, заңгер, құқық қорғаушылар детектив жанрында шығарма жазып, байқаудың тартысты өтуіне үлес қосты. Бұл шығармашылық сайыс сонымен бірге жас қаламгерлердің жаңа қырынан танылуына мүмкіндік туғызды. Мұның бәрі әдебиеттің кенжелеп қалған жанрының түрленуіне, жандануына ықпалын тигізді. Байқау жүлдегерлерінің үздік шығармалары топтастырылған «Шытырман» жинағы корпорацияның 2018 жылдан бергі еңбегінің жемісі, детектив жанрының дамуына қосылған қомақты үлес десек қателеспейміз. Былтырғы байқауға 106 автор өз шығармаларын жолдады. Биыл олардың саны 70-ке жуықтады. Оның себебі қазақ детективінің атасы саналатын Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына орай биыл Республика бойынша жаңадан бірнеше байқау ұйымдастырылды. Сондықтан қатысушыларымыз арасында шығармаларын соларға жолдап қойып, артынан өкініш білдіргендер аз болған жоқ. Олардың кейбіреуінде «Заң газетінің» бас редакторы Айнұр Сембаева қазылар алқасы құрамында болғандықтан, өз талабымызға сәйкес кейбір қайталанған шығармаларды да үміткерлер қатарынан алып тастадық, – деді. Оның айтуынша, бұл жолы 70-ке жуық автордың сұрыпталып алынған 13 шығармасы қазылар алқасының бағалауына жіберілді. Қазылар



құрамында «Алатау» газетінің бас редакторы Айтақын Бұлғақов, «Заң газетінің» бас редакторы Айнұр Сембаева, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, жазушы Дәурен Қуат, «Таң-Шолпан» журналының бас редакторы Нұрлыбек Саматұлы мен Ішкі істер органының Құрметті қызметкері, отставкадағы полиция полковнигі Әмірбек Шаймағамбетов болды. Олардан жоғары баға алғандар марапаттау шарасына шақырылып, сый-құрметке бөленді. Осы арада айта кететін бір жағдай қазылар алқасы байқаудың соңғы сәтіне дейін өзге әріптестерінің кім екенін білмеді.

Сонымен Кемел Тоқаев атындағы VI республикалық детектив байқауының бас жүлдесін (1,5 млн теңге) Жетісу облысынан Серік Әбікенұлы («Моладағы манеж») алды. Алматы облысынан Қанат Әбілқайыр («Қара мысық») бірінші (1 млн теңге), Қызылорда облысынан Тұрақ Адисұлы («Бандыны қуған Хамит»), Алматы қаласынан Адина Жүсіп («Жылайтын үй») екінші (750 мың теңгеден) орынды иеленді. Үшінші орынға лайық деп танылған Ырысбек Дәбей («Ойыншы»), Сайлау Төлеуов («Шайтанның торы»), Аршын Нұрбақыт («Үкілі кер»), Жетісу облысының прокуратурасының, Леонид Степанов («Риэлторы») Жетісу облыстық полиция департаментінің ынтыландыру сыйлығын иеленді.

Фалиев («Қылмыскер құтылмады»), Нұршат Өтеулиева («Өкініш»), Талант Досбол («Қиыс жол») Жетісу облыстық сотының ынтыландыру сыйлығын иеленді. Сондай-ақ, Қайым-Мұнар Тәбей («Тамшылар күнәні жумайды») Жетісу облыстық прокуратурасының, Леонид Степанов («Риэлторы») Жетісу облыстық полиция департаментінің ынтыландыру сыйлығын иеленді.

Байқауға қолдау көрсетіп, жүлдегерлерге ынтыландыру сыйлығын тағайындаған Жетісу облыстық сотының төрағасы Ержан Кененбаевқа, Жетісу облысының прокуроры Мадияр Басыбаевқа ұжым атынан алғыс айтамыз!

Байқау шежіресіне көз жүгіртер болсақ, үздіктер көшін 2018 жылы Әлібек Байбол бастап, «Миллион» деген шығармасымен бірінші орын алған еді. «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының 20 және Алматы қалалық сотының 20 жылдығымен сәйкес келген байқаудың қолдаушысы Алматы қалалық соты болды. 2019 жылы бірінші орын Аяла Зейінқызы («Тек пен шек»), 2020 жылы Нұрбол Әлдібаев («Құдықтағы мәйіт»), 2021 жылы Нұрлыбек Саматұлы («Жапыраққа жұққан қан»), 2022 жылы Асхат Әмірбаев («Қылмыскердің күлкісі») иеленген еді.

қалған осы бір жанрын дамытуды ешкім бізге міндеттеп отырған жоқ. Әділдіктің туын көтеріп, заң үстемдік құратын қоғамды құруға атсалысуды өзіне мақсат еткен басылым болғандықтан, біз корпорацияның 20 жылдығы қарсаңында, дәлірек айтқанда 2017 жылы Кемел Тоқаев атындағы республикалық детектив байқауын өткізетінімізді жариялаған едік. Біздің бастамамызға 2018–2019 жылдары Алматы қалалық соты, 2020 жылы жеке кәсіпкер, меценат Бағдат Мәнізоров, 2021 жылы Түркістан облыстық соты, 2022 жыл Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетті. Сол себепті алғашқы үш байқаудың марапаттау рәсімі Алматыда, төртіншісі Түркістанда, бесіншісі Қызылордада, алтыншысы Талдықорғанда өтті, – дейді қазылар алқасының мүшесі, «Заң газетінің» бас редакторы А.Сембаева.

Жасыратыны жоқ, «детектив жанрында жазатын қандай жазушыны білесің?» десе қазір кез келген адам күмілжіп қалады. Себебі прозаның бұл бағытымен кәсіби түрде айналысып жүрген жазушыны еш жерден шам алып іздесеңіз де, табу мүмкін емес. Бұл мәселе бойынша әдебиетке жауапты құзырлы министрлікте ғана емес, Қазақстан Жазушылар одағында да мүдделі тараптардың басын қосып арнайы жиын өтті дегенді ешкім, ешқашан естіген емес.

Қоғамда әлі де қазақ детективін дамыту керек деген пікір әр жерден оқта-текте ғана айтылып, жазылып жүргенімен, оған ден қойып жатқандар некен-саяқ. Оны қазақ детективінің атасы саналатын Кемел Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойынан да көруге болады. Бұл оқиғаға науқандық шара ретінде қараушылар биыл аз болмады. Кейбір ұйымдар мен мекемелер оған еш дайындығы болмаса да аяқ астынан детектив байқауын ұйымдастырып жатқанын көзбен көріп, құлақпен естіген адамдар оны әр жерде ашық сынап бастады. Өкінішке қарай, бұл жолы да сыннан нәтиже шығарған ешкім табылмай тұр.

Жанрлық түр ретінде XIX ғасырда ғана пайда болған детективтің даму тарихына көз жүгірткен адам оның



алғашқы кезде қылмысқа қарсы күресте заң күші әлсіз болып тұрған Еуропа мен АҚШ-та өсіп-өркендегенін байқайды. Бүгінгі таңда әлемде мазмұн мен пішін жағынан да қарыштап дамып кеткен бұл жанрдың болашағы заң үстемдігін нығайтып, әділетті Қазақстан құрып жатқан біздің қоғамда енді сұранысқа ие болып, дамудың жаңа кезеңі басталатын уақыт жетті деп ойлаймыз.

Қазақ детективінің қаламгерлер мен әдебиеттанушылар тарапынан елеусіз қалуы ұлт жанашырларын еш уақытта бейжай қалдырған емес. Оны бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ, әлеуметтік желілерде жарық көріп жатқан «Қазақ детективі бар ма, жоқ па?» (Әдебиет порталы), «Қазақ детективін қашан оқимыз?» (Амангелді Кеңшілікұлы), «Қазақ детективі қашан жанданады?» (Төреғали Тәшенов) сынды жазбалардан байқауға болады.

Жалпы алғанда, бұл жанрда жазатын қаламгерлер аға, орта, жас буын арасында аз да болса бар, қай заманда да болған және бола да береді. Кемел Тоқаев шығармалары мен ізбасарлары, оларды насихаттап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін жандар барда қазақ детективінің өлмесі анық. Қазіргі таңда детектив жанры әдеби қауым, оның ішінде

тиісті мекемелер мен баспагерлердің қолдауына, ғылыми тұрғыда зерттелуге, сыни тұрғыдағы пікірлерге зәру. Нарық заманы нық қалыптастырған басылымдар мен ұлттық құндылықтарға деген қажетсіздік, кері көзқарас қай жанрдың болсын дамуына кедергісін тигізіп жатқаны да ашық шындық.

Белгілі сыншы Амангелді ағамыз жоғарыда аталған мақаласында «...Ресей мемлекеті «Орыс детективі» деген байқау жариялады, мақсаты – әдебиет және кино қызметкерлерін детектив жанры дамытуға итермелеу, әдеби қауымдастық арасындағы оның мәртебесін арттыру, оған оқырмандар мен қоғам назарын аудару. Ал Қазақстанда мұндай бастамалар қашан қолға алынады? Әлде, біздің елімізде детектив жанры әдебиет есігінен сығалай алмай, әлі де талай жыл далада тұра бере ме?» деп жазды. Бұл шын мәнінде қазақ әдебиетінің ертеңін ойлаған нағыз ұлтжанды азаматтың жанайқайы.

Бұл жерде біздің айтқымыз келгені, осындай игі бастаманы, яғни, детектив байқауын өткізуді «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» 2018 жылы қолға алған болатын. Содан бергі алты жылғы уақытта байқау қоржынына түскен алты жүзден астам шығарма «Заң газеті» мен «Юридическая газета» басылымдарына, zangazet.kz сайтына үздіксіз жарияланып, оқырмандар тарапынан өз бағасын алды әрі былтыр байқау жүлдегерлерінің үздік шығармалары топтастырылған «ШЫТЫРМАН» жинағы жарық көрді. Осы еңбектен бір емес, бірнеше киноға өзек боларлық туынды табылатынына бәс тігуге бармыз.

Өкінішке қарай, алты жылдан бері шығып жатқан детектив шығармалардың бірде-біреуіне кино қызметкерлері немесе әдебиет саласы мамандарының қызығушылық танытқаны байқалмады.

Корпорацияның бастамасымен дәстүрге айналған шараны қазақ детективі жанрында алғаш қалам тербеген Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына басқа мекемелер де жағастырды. Мұның өзі қатқан сеңнің қозғалғандығының, яғни, қазақ детективіне бет бұрылғанының айқын көрінісі.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ, «Таң-Шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналының бас редакторы:

«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА ТУЫНДЫНЫҢ САЛМАҒЫН АРТТЫРАДЫ»



Әңгімені өзіннің бұл жанрға қалай келгенімен бастайын. Детектив жазам деген ой үш ұйықтасам түсіме кірмейті. Тіпті, детектив шығармаларды бұған дейін оқымаппын да. Сөйтсем, бұл жанр әдеби шығармалардың ішіндегі ең қызықты да күрделісі екен.

Қызылорда облысы полиция департаменті бастығының орынбасары болған, отставкадағы полковник Әмірбек Шаймағамбетовтен облыс полициясының оң имиджін қалыптастырып, рейтингін көтеру мақсатында соңғы 30 жылда болған ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашқан полиция қызметкерлерінің жанқиярлық еңбектерін көрсететін кітап жазу туралы ұсыныс түсті. Артынша маған тергеушілер жазған айыптау қорытындылары, соны негізге алып жазған соттың үкімі сияқты архивтен алынған құжаттар келе бастады. Қылмыскерлерді ұстаған жедел уәкілдер мен сол істерді тергеген тергеушілердің аты-жөндері, телефон нөмірлері берілді. Құжаттарды алған соң бұл шығарманың жанрын ойлай бастадым. Көркем шығарма жазам ба, мақала ма? Нақтылыққа үйренген заң саласының қызметкерлері қиялдан қосылған көркем шығарманы қалай қабылдайды деген толғаныстар болды. Сөйтіп өмірімде алғаш рет детектив әңгімені 2021 жылдың басында жаздым. Жазып болған соң оны бірнеше мәрте түзеп, күзеп тапсырыс берушіге жолдадым. Ол кісіге шығарма бірден ұнады, тіпті мұндай деңгей күтпелті де. Бірақ шығарманың олқы тұстары өзіме мәлім еді.

Енді сол қателіктерімен де бөлісе отырайын. Ең алдымен, әңгіме жанры бір ғана кейіпкердің, яғни бас кейіпкердің көзқарасымен, соның ойлауымен суреттеліп жазылуы керек. Оқиға соның көз алдында өтуі тиіс. Нақты-

лап айтқанда, оқиғалар кинокамера сияқты жалғыз, сыңар саңылаудан көрінуі керек. Бұл арада кинокамера – бас кейіпкер. Егер әр кейіпкерді бір, бір камера деп алсақ, ол үлкен романға айналар еді. Егер біз шығармадағы бас кейіпкерді қыз деп алсақ, мәселеге тек қыздың көзімен қараймыз, жігіттің көзімен қарай алмаймыз. Бұл жерге жігіттің көзқарасын қоссақ, онда біз романның шалғайына жармасқан боламыз. Міне, менің алғашқы детектив әңгімедегі қателік осында болды.

Сол жылы сегіз детектив шығарма жаздым. Қалған детектив шығармаларымда алғашқы еңбегімдегі қателікті қайталамауға тырыстым. «Заң газетінде» жарияланған детективтердің бірқатарында кей авторлардан осы қателіктерді байқадым. Бұл бір. Екіншіден, детектив шығарма суреттеу арқылы жазылуы керек. Мұндай суреткер жазушылар бізде көп емес. Егер оқырман: «шығарманың кино көргендей болдым» десе, шығарманың дұрыс жазылғаны. Осы ретте соңғы детективтерден сәтті шыққан бірнеше суреттемені мысалға келтірейін:

Тұрақ Адисұлы «Бандыны қуған Хамит» әңгімесінде: «Түнгі сағат үштен он бес минут өткенде кезекші бөлімнің телефоны шырылдап қоя берді», Ырысбек Дәбей «Ойыншысында»: «Піл сүйегінен жасалған әппақ шар жап-жасыл шұға бетінде домалап барады» – дейді. Әдина Әбдібайқызы «Жылайтын үйінде»: «Айым түн ортасында біреудің бебеулеп жылаған дауы-

сынан шошып оянды» десе; Серік Әбікенұлы «Моладағы манежінде»: «Жанасыл торы атын қайта тебініп, Ақшоқының басына шыққанда күн арқан бойы көтерілген еді» – дейді. Осы суреттеудің бірінші сөйлемдерінде шынайы көрініс бар. Оқи бастағаннан көз алдымызға кино сияқты картина келеді. Егер осы қалыппен жазылып шықса, онда шығарма сәтті шыққаны.

Биылғы байқауға қатысқан «Қорқақтың өлімі» деген әңгіме былай басталады. «Ол өзінің бұрынғы қолын қандаған іс-әрекеттеріне масаттанғандай миығынан күлді...» Осы сөйлемді суретке айналдырсақ, біреудің әлденеге таң-тамаша қалып, масаттана миығынан күлгенін көреміз. Бірақ «бұрынғы қолын қандаған іс-әрекеттерін» көре алмаймыз. Демек, алғашқы сөйлемге бұны қосудың қажеті жоқ. Оны кейіпкердің ойы ретінде біртіндеп санасына сіңіреміз.

Мұндағы үшінші мәселе, суреткер жазушы кейіпкермен жағаласпайды. Яғни, қосымша анықтама айтпайды. Мысалы, ол сондай мықты еді. Ол айлакер еді. Ол бай еді деген сияқты. Оның мықты, айлакер, бай екенін іспен, сөзімен білдіреді. Мықты, айлакер, бай екенін оқырман өзі топшылау керек.

Детектив шығармалардың бұл әлі әліппесінде жұрм. Тергеуде бүгінде психологиялық сараптама деген түсінік бар. Тергеуші мен айыпталушы сөйлесіп отырады, сараптамашы сырттай бақылайды. Ол адамның өтірік айтып отырғанын не шыны айтып отырғанын іс-әрекетін бақылау арқылы анықтайды. Сараптаманың бәрі ғылым. Ендігі әңгімелерімізге осы сараптамаларды енгізсек деген тілек бар. Негізі детектив шығармаларды оқыған оқырман қандай қылмыс болса да ашылатынын түсіну керек. Қылмыс бәрібір ашылмай қоймайды екен ғой деген ой түюі қажет.

Серік ӘБІКЕНҰЛЫ, жазушы:

«ЖҮЛДЕ АЛҒАН ЕҢБЕКТЕР ТАЛДАНУЫ ТИІС»

Қазақтың бір әдеби жанрын тірілтіп жүрген Досымбек Өтеғалиев пен Айнұр Сембаеваға, «Заң газетіне» Алла разы болсын. Көзге түсіп жүрген қаламгерлер осы жанрды ілгерілетуге атсалысатын болса, онда бәйгенің болашағы зор болары анық.

Қазір жанрды дамыту үшін бірінші кезектегі керек нәрсе – әдеби сын. Көпшіліктің пікірі көп жағдайда елене бермейді. Сондықтан, газетте әдеби сыншылардың осы шығармаларды талдап, оның қалай дамып жатқанын ашық білдіретін, пікірлерін беретін арнайы айдар ашылуы тиіс. Сонда детектив жанрына қалам тартушылар өздерінің бағыт-бағдарын айқындап, кемшін тұстарын түзейді.

Бәйге жариялап, марапаттаумен іс бітпейді. Біз заң қызметкерлерінің ісін насихаттау арқылы жанрды дамытамыз. Менің байқағаным, қазіргі шығармаларда протоколдық сарын, біреулерден естігенімізді баяндау басым. Негізінен көркем әдебиет роман, повестер жүрекке әсер ететін болса, детектив миға, психологияға әсер ететін жанр. Мұның артықшылығы да сонда.

Біздің әлі де болса шытырман мен детективті бір-бірімен шатастырып жүрген жайымыз бар. Сондықтан, детектив жанрын дамытып, жазушыларды қалыптастырамыз десек, оны кәдімгідей бір құбылысқа айналдыруымыз керек.

Біз Шерлок Холмсты мысалға аламыз. Шерлок Холмс өмірде болмаған. Бірақ, ағылшындар Лондондағы бір үйді «Шерлок Холмс тұрған» деп музейге айналдырып



қойды. Бізде детектив жанрында бір қаламгер жоқтың қасы. Өйткені, бізде бәрі универсал, өлең де, әңгіме

де, детектив те жаза салады. Детектив жанрында қазақ оқырмандарына жиынтық образ керек. Менің айтпағым, детектив жанрына 10-15 бет деген талап аз. Себебі, бұл психологиялық дүние. Сонымен бірге, жүлде алған шығармалар міндетті түрде талдануы тиіс. Мысалы, «Кемел қаламгер» байқауында екі жарым беттік шығармалар болды. Оларда әңгіме жазу емес жүлде алсам деген пиғыл басым тұрды. Олардан «Заң газетіне» шыққан шығармалардың десі әлдеқайда басым болғаны байқалды. Бұл нені білдіреді, байқаудың дәстүрге айналғанын және де оның жарияланатынын, жауапкершілігі барын білдіреді. Шығарманы оқырмандардың оқитыны жауапкершілікті арттырады.

Детективті жандандыруда бірде сүрінеміз, бірде тік тұрамыз, дегенмен алға басып келе жатқанымыз анық. Алға баспаған адам сүрінбейді де, құламайды да. Сондықтан да, алға ілгерілей берейік, әдеби сын, детектив жанры дами берсін!

Әмірбек ШАЙМАҒАМБЕТОВ, отставкадағы полиция полковнигі, ҚР Журналистер одағының мүшесі:

«КРИМИНАЛИСТИКА МАМАНДАРЫ МЕН ТЕРГЕУШІ ЕҢБЕГІНЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛГЕНІ ДҰРЫС»

Детектив жанры елімізде кенже қалып келе жатқаны рас. Біз 1960–1970 жылдары қазақ детективінің негізін салған, детектив жанрына алғаш қалам тартқан жазушы ретінде Кемел Тоқаевты білеміз. Оның «Түнде атылған оқ», «Көмескі із», «Ерекше тапсырма» секілді детектив шығармалары арқылы біз осы жанрмен таныстық. Қаламгер Қалмұқан Исабаев та детектив жанрымен қазақ халқын табыстырған ағаларымыздың бірі. Рас, одан кейінгі жылдары қазақ детективі әдебиетте мүлдем болмады деуге болмайды.



болмады. Сондықтан осы байқау детективті тірілтуге айтарлықтай ықпал етіп жатыр.

Оған «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының сіңіріп жатқан еңбегі зор. Биыл алтыншы

рет өткізіліп отырған байқау осындай талай ізденістер мен редакциялық үлкен еңбектің нәтижесі. 2021 жылы мен де осы байқауға қатысып, жеңімпаз атандым. Былтыр бұл конкурс біздің ұсынысымызбен, атсалысуымызбен Қызылордада өтті. Әр жыл сайын жаңа деңгей, жаңа ізденістер байқалады. Жеңімпаздардың да шығармаларынан детектив жанрына деген жауапкершілікті аңғарамыз. Яғни, қаламгерлерді ынталандыру арқылы әдебиеттің көмескілене бастаған жанрына жаңаша сипат, тың серпін беріліп отыр.

Детектив қайта түрленді. Енді біз бұл шеберлік сабақтарында нені ескеріп, жанрға қатысты нені білуіміз керек? Шығарма жазуға ниеттілер детектив жазу барысында қандай ұстанымдарға сүйену керек?

Негізі детектив жазу оңай емес. Детектив жанрына ерекше бір талғаммен келген жөн. Қазір көбі деректі оқиғалар негізінде жазып жүр.

Оқырманды қызықтырып, түрлендіріп, фантазиямен дамытып, шарықтау шегіне жеткізіп бас алмай оқытпай ету шеберлігі жетісе бермейді. Кеше өткен байқауда жазылған шығармаларға әділқазылық ете отырып, авторлардың көптеген кемшіліктер жіберетінін байқадым. Кез келген қылмыстық оқиғаны зерттеп, зерделеп ақиқатына жеткізетін – полиция қызметкерлері. Өзім осы салада 33 жылдан аса қызмет жасағандықтан, бұл бағыттағы қателіктерді тез байқаймын. Қылмыс орын алған кезде ең алдымен сол жерді қарау, қылмыстың қалай ашылатынына тікелей әсер етеді.

Қылмыс жасалған жерді қалай зерделеу керек, ол жерге барған тергеушінің, жедел уәкілдің, криминалистің, сот сараптама жасайтын қызметкердің әрекеттері қылмысты ашуға ықпал ететін қадамдар. Сондықтан детектив жазғанда осыған жете мән беру керек. Бізде детектив жазушылар көбіне-

се өз қиялына ерік беріп, соның жетегінде кетіп қалады. Қылмыскердің психологиясы, оның ізіне түскен тергеушінің шеберлігі елеусіз қалады. Негізі детективті құқық қорғау мамандарымен ақылдаса отырып жазса құба-құп. Детективті жазған адамның криминалистика саласынан хабары болып, қылмысты ашудағы құқық қорғау орындарының қызметін шебер көрсетсе екен деген тілек кейде тұрады. Прокуратура, сот, сот сараптама қызметінің мамандарымен, тергеушілермен ақылдаса отырып жазса шығармасы әлдеқайда жақсы шығар еді. Кеше бас жүлде алған Серік Әбікенұлының өзі «бұл жақын араласқан досымның басынан өткен оқиға еді» деді. Яғни болған оқиғаның сол күәгердің аузымен айтылып, бізге жеткізілуі шығарманың маңызын арттырып тұр. Сондықтан келешекте жазушылар құқық қорғау мамандарымен кенесе отырып жазса деген тілегім бар.

1980-1990 жылдары жекелеген тұлғалар басынан кешкен оқиғаларын немесе жекелеген бір жағдайларды жазып жүрді. Бірақ оның барлығының басын біріктіріп, кітап етіп шығаратын ешкім

ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ТАЛДАУ

КЕЛЕҢСІЗДІКТЕРМЕН КҮРЕСУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Түркістан облысы республика бойынша білім беру саласына бөлінетін қаржының көлемі жағынан бірінші орында тұр. Мұның себебін түсіну қиын емес. Түркістан – елімізде мыңнан астам мектебі бар бірден-бір облыс. Осы білім ұяларында жарты миллионнан астам бала оқиды. Соңғы жылдары облыста жаңа мектептердің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Ұстаздар жаңа технологияларды меңгеруде. Білім беру процесін цифрландыру жұмыстары да кезек-кезеңімен іске асуда. Десек те, бұл салада проблемалар да жоқ емес. Соның ең бастыларының бірі – сыбайлас жемқорлық.

Қаржы балалар игілігіне бағытталуы керек

Түркістан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің басшысы Мұрат Төлеубаев ақпараттық-коммуникациялық орталығындағы баспасөз мәслихатында білім беруді қаржыландырудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізілгенін мәлімдеді. Талдау нәтижесінде облыстық білім басқармасы негізсіз жоспарлаған 22,6 млрд теңге көлеміндегі бюджет қаражаты анықталып, жобадан қысқартылған.

Енді үнемделген қаржы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, 1-4 сынып оқушыларын тамақтандыруға, жылыту жүйесін газға көшіруге, мектеп парталарын, ұқталарды және мектепке дейінгі ұйымдарға жиһаздар сатып алу мен білім беру мекемелерін жөндеу жұмыстарына бағытталды. Спикердің айтуынша, талдау аясында дейінгі құжаттарға жиһаздар сатып алу мен білім беру мекемелерін жөндеу жұмыстарына бағытталды. Спикердің айтуынша, талдау аясында дейінгі құжаттарға жиһаздар сатып алу мен білім беру мекемелерін жөндеу жұмыстарына бағытталды.

Облыстағы білім саласында сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстардың дені мектепке, балабақшаға маман қабылдаумен байланысты. Мәселен, биыл Төле би аудандық соты осы ауданның білім саласында басшылық қызметтерді атқарып жүрген үш азаматшаға үкім шығарды.

«Қамқорлық» құны қанша?

Аудандағы білім бөлімінің басшысы Роза Аманова пара алды деген айыппен, ал оның қарамағындағы екі мектеп директоры пара берді деген айыппен кінәлі деп танылды. Басшы жеті жылға, ал екі директор үш жылға бас бостандықтарынан айыру жазасына кесілді. Осылайша былтырдан бері сағызша созылған қылмыстық іске сот өзінің төрелігін айтты.

Жалпы, бұл Роза Амановаға қатысты алғашқы сот отырысы емес. Бұдан екі жыл бұрын құзырлы органдар оның жалған дипломына қатысты қылмыстық іс қозғаған болатын. Іс Түркістан қалалық сотында қаралып, сот барысында бөлім басшысының Жетісайдағы колледжден алған дипломының жалған екендігі

расталған. Алайда сот оны сол жолы қылмыстық жауапкершіліктен босатқан еді. Бұл жолы Амановаға айыптау үкімі оқылды. Үкімге қарағанда, істің мән-жайы былай болған:

Құзырлы органдарға Төле би аудандық білім бөлімінің басшысы Р.Аманованың өзіне бағынысты ұйым басшыларынан ай сайын қолма-қол 1000 АҚШ доллары түрінде пара алатыны туралы жедел ақпарат келіп түскен. Антикор осы ақпараттың анық-қанығын тексеру үшін арнайы операция жүргізген. Өйткені, басшыларға қатысты жалған арыздардың да ұйымдастырылатыны жасырын емес. Өз ісіне шын берілген, қызметін адал, жоғары жауаптылықпен атқарып отырған мамандар жалған жалғандық кесірінен зардап шегіп, еңсесі түспеуі керек. Сол себепті құзырлы органдар сыбайлас жемқорлықпен байланысты арыз, хабарламаларды тексеруге терең мән береді. Әрі нақты дәлел-дәйектерді ғана басшылыққа алады. Осылайша Аманованың қызметтік бөлмесіне жасырын аудио және бейнебақылау құралдары орнатылған.

2022 жылдың 23 ақпанында Р.Аманованың кабинетіне Көксәйек мектебінің директоры Б.Есимбаева кіріп, оған 400 мың теңге, келесі күні – 24 ақпанда Дулати атындағы мектептің директоры Ж.Култаева кіріп, 200 мың теңге берген. Дәлірегі екі директор өздері жетекшілік ететін мектепке маман қабылдау үшін Амановаға пара ұсынған. Сот үкіміне сенсек, олар параны бастықтарына маман қабылдауда «жалпы қамқорлық» көрсетуі үшін берген.

Сол 24 ақпан күні кешкісін Аманованы ұстау үшін антикордың қызметкерлері оның кабинетіне кіріп, тергеу амалдарын жүргізген. Кабинетте күтпеген жағдай болған. Тексеру кезінде басшының бөлмесінен 600 мың теңге парадан бөлек, ірі көлемде теңгелер мен долларлар шыққан. Олардың жалпы көлемі 14 миллион теңгені құрайды. Сот барысында Аманова бұл қаражаттардың бір бөлігі туысының жерін сатудан түскен ақша, бір бөлігі сіңісіне тиесілі екенін айтқан. Алайда сот оның бұл уәжін дәлелсіз деп табады. Себебі, қызметтік столдың тартпасынан алынған ақшалар тоғыз бөлікке бөлініп салынған. Олардың бірі конвертте, бірі арнайы қорапта, енді бірі ашық күйінде тұрған. Соттың тұжырымына қарағанда, бұл қаражаттар Аманованың тікелей



өзіне жеке-жеке берілген. Алайда ақшалардың қайдан келгені сол күйі анықталмаған. Мұның арғы жағында біраз күдіктердің құлағы қылтыяды. Алайда күдіктің қай кезде де сотталушының пайдасына шешілетіні бесенеден белгілі ғой. Осы себепті сот Амановаға жоғарыдағы екі директор берген 600 мың теңгені ғана пара деп таныған.

Сот барысында Аманова Есимбаевадан 400 мың емес, 200 мың теңге алғанын, ақшаны ол бұрын алған қарызын қайтару үшін бергенін, ал Култаеваның 200 мыңы гәлтің ақшасы екенін алға тартқан. Алайда сот оның бұл уәжін де жоққа шығарған.

Сотталушылар өздеріне шығарылған үкіммен келіспей, облыстық соттың апелляциялық алқасына арыз берді. Алқа сотталушыларға шығарылған бас бостандығынан айыру жазаларын айыппұлға ауыстырды. Роза Амановаға алған 600 мың теңге парасының алпыс еселенген, яғни 36 миллион теңге мөлшерінде айыппұл жазасы тағайындалып, оның қамауда отырған күндері айыппұлдан шегерілді. Нәтижесінде түпкілікті жаза 32 820 605 теңгені құрады. Балжан Есимбаева 9 662 003 теңге, ал Жадыра Култаева 4 328 670 айыппұл төлейтін болды.

Мұғалім болғын келсе, миллионың болсын!

Шардара аудандық білім бөлімінің басшысы қызметін атқарған Ақшағұл Бердалиеваға «алаяқтық жасады» деген айып тағылып сот үкімімен 15 миллион теңге айыппұл салынды. Үкімге қарағанда, ол аудандағы жекеменшік балабақша басшысынан 1,5 миллион теңге ақша алған. Оның есесіне балабақшаны мемлекет тарапынан қаржыландыруға үде еткен. Алайда Бердалиева үдесінде тұрмаған. Ақша берушілер араға бір жыл салып, антикорға арызданған.

Бұл Түркістан облысында жемқорлық қылмысы үшін кінәлі деп танылып, айыппұл салынып сотталған лауазымды басшылардың алғашқысы емес. Былтыр Сайрам аудандық білім бөлімінің басшысы қызметін атқарған Құралай Шадиева

мен аталған аудандағы мектеп директоры Арман Пернебаев жемқорлық баптары бойынша кінәлі деп танылып, екеуі де қылмыстық жаза ретінде ірі көлемде айыппұл арқалаған болатын.

Сот үкіміне қарағанда, аталған аудандағы Қарасу ауылындағы мектепте математика пәні мұғалімінің орны босаған. Осы бос орынға тұру үшін Д.Қайназарова деген азаматша мектеп директоры Арман Пернебаевқа жолығады. Әңгімелесу барысында Д.Қайназарова директордан тесттен өтудің жол-жобасын сұраған. Ал директор бұл қызмет үшін 200 мың теңге ақша қажеттігін айтады. Ақшаны ол білім бөліміндегі тестке жауапты қызметкерлерге беретінін жеткізген. Ертеңіне ол ақшаны қарамағында мұғалім болып істейтін азаматшаның «Каспий голды» арқылы алған. Ақшаны аударғаннан кейін Д.Қайназарова антикорға барып арызданған.

Бұдан кейін Пернебаев Қайназароваға жұмысқа қабылдау мәселесін аудандық білім бөлімінің басшысы Құралай Шадиеваның шешетінін білдіреді. «Ставканың» 800 мың теңге екенін де ескерткен. 800 мың теңгені директор ертеңіне Қайназаровадан Шымкент қаласында алады. Ақшаны ол екіге бөліп, қалтасына салған. 10 минуттан кейін көлікті антикордың қызметкерлері тоқтатқан. Директор осы жерде «нақты айғақтармен» қолға түскен. Арада бір жарым сағат өткенде өзінің жауапкершіліктен құтылып кете алмайтынын түсінген А.Пернебаев алған ақшаның 400 мың теңгесін Қ.Шадиеваға беретінін мәлімдеп, оған шара көру туралы антикорға арыз жазып берген.

Осыдан кейін аталған құзырлы органның қызметкерлері Шадиеваға қатысты сепел-іздістері амалдарына кіріскен. Пернебаев тиісті жазу құралдарымен жарақталып, Шадиевамен кездесуге жіберілгені айтпаса да түсінікті шығар. Басшы мен директор аудандық білім бөлімінің конференц залында жолыққан. Директор басшысына 400 мың теңгені берген. Арада бес минут өткенде Шадиева да «нақты айғақтармен» қолға түскен.

Сот барысында А.Пернебаев кінәсін толығымен мойындай-

ды, бірақ ол бұл іске Шадиеваның қатысы жоқ екендігін айтқан. Ол тергеу барысында антикордың қызметкерлері тарапынан қысым жасалып, олардың Шадиеваға қарсы арыз жаздыруға мәжбүрлегенін алға тартқан (сот осы мәлімдеме бойынша қаулы шығарып, оны облыстық прокуратураға жолдаған. Тергеу-тексеру амалдарын Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің департаменті жүргізген. Нәтижесінде Пернебаевтың уәждеріне «дәлелін таппады» деген баға берілген). Ал, Шадиеваның өзі сот барысында ақша алғанын мойындаған.

Сот Пернебаевты «алаяқтық», «пара беруге айдап салу», «пара алу» және «пара беру» баптары бойынша кінәлі деп тауып, оған бас-аяғы 40 миллион теңге айыппұл салу туралы үкім шығарады. Ал Шадиева «пара алу» бабы бойынша, 20 миллион теңге айыппұл төлеуге міндеттелген. Мұндай жаза білім саласының басында отырған азаматтарға ой салса, сыбайлас жемқорлықтан сақтандырса, қанеки.

Жемқорлыққа тосқауыл болар жоспар көп

Осы тұста Түркістан облысындағы білім саласында сыбайластыққа жол бермеу, жемқорлықтың алдын алу мақсатында бірқатар тың жобалардың қолға алынғанын айта кеткеніміз жөн. Бірнеше жылдан бері мектеп пен балабақшаға мамандар jumys.nation.kz порталы арқылы конкурстық негізде қабылданады. Аталған жүйе жалған дипломдарға тосқауыл қоюды да қамтамасыз етеді. Облыста жалған дипломдарды анықтау бойынша тексеру жұмыстары жалғасуда. Білім беру саласына мемлекет тарапынан қолдаудың кеңеюі, мұғалімдер мәртебесінің артып, төленетін жалақы көлемінің көбеюі педагог болғысы келетіндер қатарын арттырғаны рас. Бұл өз кезегінде жалған диплом жасатуға ниеттілерді көбейтті. Бүгінде білім саласын таза ұстау, мектептерге өз мамандығын үйретін, өз пәнін жақсы білетін ұстаздарды топтастыру басты меже болып отыр. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында педагогтерге біліктілік санаттарын беру тәртібі электронды «Е-ПОРТФОЛИО» порталы арқылы жүргізіледі.

Мектеп пен балабақшаларда жемқорлық фактілеріне әкелетін тәуекелдерге талдау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Мамандардың айтуынша, талдау барысында анықталған сыбайластық тәуекелдерін жою арқылы облыстың білім саласындағы келеңсіз көріністерді, «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерді жеңуге болады.

Бүгінгі таңда балабақшаларда балаларды электронды түрде тіркеу жобасы пилоттық режимде басталып кетті. Өңірде білім саласында атқарылып жатқан жұмыстар «TURKISTAN BILIMI» атты кешенді жоспар аясында жүргізілуде. Ол 11 бағыттан тұрады және білім саласын жан-жақты дамытуға, бүкіл процестерді ашық етуге, жемқорлықтың алдын алу мақсатында жұмыстарды автоматтандыруға бағытталған.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ БАҚЫЛАУДА

Ішкі істер министрі Ержан Саденовтің тапсырмасына сәйкес, Түркістан облысы Полиция департаментінің басшысы Мұрат Қабденов аптаны мектептердің қауіпсіздік жүйесін тексерумен бастады. Облыстың бас полицейі Түркістан қаласындағы М.Пошанов атындағы №21 мектепке барып, білім басқармасының мамандары, мектеп директоры және ұстаздар қауымымен тілдесті.

Генерал білім ұясында орналастырылған «дабыл батырмасын» басып, қызметін бақылады. Дабыл болған кезде полиция нарядының неше уақытта келетінін және қалай әрекет жасайтынын тексерді. Аталған оқу орнындағы бейнекамераларды қарап шығып, бекітілген күзет қызметкеріне жүктелген жауапкершіліктерді түсіндірді. Мектептегі

қауіпсіздікке толық көз жеткізген соң, генерал оқушыларды Полиция департаментін экскурсиялауға шақырды.

Департаменттің қызметкерлері 100 оқушы мен ұстаздарға арнап құқық бұзушылықтың алдын алу тақырыбында үлкен залда сабақ өткізді. Сабақ барысында департамент басшысы жасөспірімдерге тәртіпті болу



керектігін, ойынқұмарлық, нашарлық, зорлық-зомбылық пен әлімжеттіктің залалы туралы айтып, болашақта ардақты азамат болатындарына сенім білдіретінін жеткізді.

Одан кейін сөз кезегін алған Түркістан облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Жандос Маханбетұлы полиция тарапынан жасөспірімдерге арналған маңызды кездесулердің жиі ұйымдастырылып, қолдау болып жатқанын атап өтті. Осындай екіжақты байланыстың жолға қойылуы білім ошақтарындағы тәртіп пен балалар қауіпсіздігінің кепілі екені даусыз.

Шара барысында білім алушыларға әмбебап тәртіп сақшылары өнерлерін, спортты серік еткендері өздерінің дайындықтарын көрсетсе, департаменттің алаңшасында балаларға қару-жарақтар, қызметтік көліктердің қызметі мен цифрландыру бағы-

тындағы жұмыстар таныстырылды. Жедел басқару орталығына да аялдаған балалар өздерін полиция қызметкерлері қалай бақылап отыратынын, бейнекамералардың қызметін көріп, танысты.

Тәлім-тәрбиелік маңызы бар шара соңында оқуда озат оқушылар мен олардың ұстаздары полиция генерал-майоры Мұрат Қабденовтің атынан алғысхатпен марапатталды.

Айта кеткен жөн, Түркістан облысының полицейлері балалар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түрлі кездесулер ұйымдастырып, бүгінгі таңда білім ошақтарына барып, құқықтық сауаттылықты арттыру сабақтарын дәстүрлі түрде өткізуде.

Бетті дайындаған
Бекбол ҚАЛДЫБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

Бағлан ҚАРҒҰЛОВ,
Ұлттық статистика бюросының Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы:

«АЙМАҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТҰРАҚТЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

2023 жылдың қаңтар-қыркүйегінде жел және күн электр станциялары 486,1 млн кВт электр энергиясын өндірді.

– Сауда статистикасындағы облыстың үлесі қандай?

– Республика бойынша Алматы облысының үлесі импортта 4,9 пайызды, экспортта 1 пайызды құрайды. 2023 жылғы қаңтар-тамызда Алматы облысының сыртқы сауда айналымының көлемі 2469,7 млн АҚШ долларын құрады. Оның ішінде импорт 79,4 пайыз, экспорт 20,6 пайыз болды. Экспорттағы негізгі серіктес елдер: Ресей (23,4%), Өзбекстан (18,1%), Қырғызстан (16,1%), Қытай (5,7%) және Тәжікстан (4,8%) болды. Экспорттағы ең көп үлесті дайын азық-түлік өнімдері – 51,3%, машиналар, жабдықтар мен көліктер – 24,7%, химия және онымен байланысты өнеркәсіп өнімдері – 9,9% алады.

Алматы облысындағы тауарлардың басым бөлігі Қытайдан импортталды. 2023 жылғы қаңтар-тамызда импорттың үлесі Қытайдан 36,6%, Ресейден 23,7%, Түркиядан 6,8%, Германиядан 3,5%, Франциядан 3% болды. Импорт құрылымында машиналар, жабдықтар және көлік құралдары – 32,2%, дайын азық-түлік өнімдері – 19%, химия және онымен байланысты өнеркәсіп өнімдері – 14,3% құрады.

– Ішкі саудадағы жағдай ше?

– Алматы облысындағы бөлшек сауда сегменті 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте 440,4 млрд теңгені құрады. Аймақтың республика бойынша үлесі 3,4%. Саудамен айналысатын кәсіпорындармен тауарларды бөлшек саудада өткізу 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда



21,8%, жеке кәсіпкерлермен өткізілген сауда көлемі есепті кезеңде 8% азайды.

Бөлшек сауданың негізгі үлесі Қарасай (32,3%), Талғар (26,9%) және Іле (17,1%) аудандарына тиесілі. Көтерме сауда айналымы 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте 569,1 млрд теңгені құрады немесе өткен жылғы тиісті кезең деңгейінен 1% өсті. Көтерме сауда тауар айналымының құрылымында азық-түлік емес тауарлары басым (64,2%). Көтерме сауда айналымының өсуіне Іле (49,3%), Қарасай (19,1%), Талғар (20,9%) аудандары мен Қонаев қаласы (6,6%) аймақтарындағы кәсіпорындар әсер етті.

– Облыстағы әлеуметтік ахуал қалай?

– 2023 жылғы 1 қазандағы деректер бойынша Алматы облысында ресми түрде 1 524 539 адам тұрады. Бұл көрсеткіш өткен жылдың

сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,9 пайызға өсті. Халық саны бойынша Алматы облысы республикада үшінші орында (Қазақстан Республикасының халық санындағы үлесі – 7,7%). Қала халқы – 246 391 адамды (16,2%), ауыл халқы – 1 278 148 адамды (83,8%) құрады. Халық санының гендерлік сипаты бойынша Алматы облысында ерлер – 762 735 адам, әйелдер – 762 164 адам.

Алматы облысында ең көп халық Қарасай ауданында – 334 923 адам (20,0%), ең азы – 27 848 (1,8%) Кеген ауданында тұрады. Халық санына әсер ететін негізгі факторлар – халықтың табиғи қозғалысы мен өңірде болып жатқан көші-қон процестері. 2023 жылы 25 089 адам дүниеге келді, 6 838 адам қайтыс болды, табиғи өсім 18 251 адамды құрады. Көші-қонға келетін болсақ, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 68 706 адам

көшіп келіп, 68 314 адам кеткен, көші-қон сальдосы 392 адамды құрады. 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 7 408 неке қиылды. Ең көбі Қарасай ауданында – 1 700 неке (22,9%), ең азы – Балқаш ауданында – 105 неке (1,4%). Дәл осы кезеңдегі ажырасулар саны 1 016 болып, өткен жылмен салыстырғанда 6%-ға азайған.

Білім беру саласына келетін болсақ, бүгінгі таңда Алматы облысында 7 303 студент оқитын 1 жоғарғы оқу орны, 18 302 студент оқитын 39 колледж, 443 875 оқушы білім алатын 763 мектеп және 109 125 бала тәлім алатын 1 392 мектепке дейінгі ұйымдар бар.

– Еңбек нарығындағы жағдайға тоқтала кетсеңіз?

2023 жылдың II тоқсанында 15 және одан жоғары жастағы жұмыс күшінің саны 754,4 мың адамды құрады. Жалпы жұмыс күшіндегі қала халқының үлесі 14,9%, яғни 112,2 мың адам. Жұмыс күшінің жартысынан көбі (389,7 мың адам) ерлер, ал қалған 364,8 мыңы (48,4%) әйелдер. Жалпы халық санындағы жұмыс күшінің үлесі 73,1%.

Облыс экономикасында 720,1 мың адам жұмыспен қамтылды. Оның ішінде экономикада жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 69 пайызы, яғни 497,2 мың адам жалдамалы жұмысшы болып табылады. 2022 жылдың II тоқсанымен салыстырғанда жалдамалы жұмысшылар саны 3,1 мың адамға (0,6%) азайды. Жұмыспен қамтылған халықтың ішінде жеке кәсіпкерлердің саны 142,8 мың адамды немесе 19,8 пайызды, тәуелсіз жұмыскерлер – 77,9 мың адамды немесе 10,8 пайызды құрады. Жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санында ерлердің үлесі 52,2%, яғни 375,5 мың адам, әйелдер – 47,8%, 344,5 мың адам. Жұмыспен қамтылған халықтың ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны 222,9 адам немесе 31%.

Жұмыспен қамтылған халықтың басым бөлігі өз қызметін ауыл шаруашылығында (17,7%), көтерме және бөлшек сауда, автомобиль мен мотоциклдерді жөндеу (15,4%), білім беру (11,2%), өнеркәсіп (9,8%), көлік және қоймалау (8%) салаларында жүзеге асырды.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КЕЛБЕТ

ҰСТАЗЫҢДЫ АТАҢНАН ДА ӘЗІЗ ТҰТ

Екі жыл бұрын Шымкент қалалық сотына алғаш қызметке келгенде Құрмет тақтасында бірінші болып тұрған Ақмарал Қалдароваға қызыға қараған едім. Бұл мәртебелі тақтаға тек «Үш би» құрмет белгісі иегерлерінің суреті ілінген. Ал әр судья үшін мұндай құрметке ие болу бір ғанибет! Жас судьяларға әділдік пен төреліктің үлгісін көрсетіп, алға жүруіне, мақсатына жетуіне жол көрсеткен Ақмарал Қалдарова күзде мерейлі жетпіс жасқа толды.



Ақмарал Бейсенқызы 1970-80 жылдары прокуратурада хат тасушыдан бастап, тергеуші, көмекші болып он жылдай қызмет істепті. Құқықтық саланың әліппесін әбден меңгерген соң 1993 жылдың наурыз айында Шымкент қаласы Абай ауданының халық судьясы болып сайланады. 1996 жылы Шымкент қалалық сотының судьясы болып, кейін 2000–2011 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының судьясы лауазымын абыроймен атқарған. Ардагер апамыз прокурорлық және судьялық қызметтерді ең төменгі сатыдан бастап, барлық баспалдақтан біртіндеп өтіп, облыстық соттың судьясына дейін көтерілген еңбекқор, табанды жан. Ардагер судья өз әңгімесінде: «Жиырма тоғыз жылдай судья болдым. Құрметті демалысқа шыққаным биыл 12 жыл болды. Ол кезде сот тәжірибесі өте күрделі болғанына қарамастан, өз жұмысымды жақсы көрдім. Білікті басшы, тәжірибелі судьялардан тәлім алдым. Олар біздің білсем деген талабымызға құлақ салып, білгендерін үйретуден жалыққан емес. Сол аяулы ұстаздарымның қатарында марқұм Изатулла Батыршаев, Әбіләкім Әбдіраманов, Жарылқасын Достаяев, Зылиха Тойбекова сынды сот саласының тау тұлғалы азаматтары бар.

Ардагер апамыз жергілікті судьялардың қатарында алғашқының бірі болып 2010 жылы «Үш би» құрмет белгісінің иегері болғанын және жиырмадан астам шәкіртімен мақтанатынын айтты. Қазіргі уақытта А.Қалдарова қалалық соттағы әріптестерімен тығыз байланыста болып, жергілікті соттардың іс-шараларына қатысып тұрады. Өзінің ізін басқан шәкірттеріне және жас мамандарға қолдау көрсетіп, өмірлік тәжірибесімен бөлісіп келеді. «Ұрпақтар сабақтастығы» деген осы шығар.

Тағы бір айтпағым, Ақмарал апамыз сот жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді үнемі бақылап, жақсы ісімізге жанашыр болып келеді.

– Жалпы сот жүйесіндегі реформалар халықтың сенімін арттыру бағытында жасалуда. Қазіргі уақытта әрбір азамат елін өркендету жолында еңбек етуі тиіс. Әсіресе, жастарды тәрбиелеуде олардың сана-сезімін оятатын іс-шаралар көптеп өткізілсе, құба-құп. Ал жас судьялардың әрдайым білуге ұмтылып, тәжірибесін арттырып отыруы өте маңызды. Судья лауазымына қабилдауға талаптың күйеуінен дұрыс. Бұрын бір орынға 4 адам таласса, қазір 11 немесе одан да көп адамның таласатынын да білемін. Мұның өзі сот жұмысының қоғамдағы маңызын көрсетеді, – деді Ақмарал Қалдарова.

«Бұдан 20-25 жыл бұрын біз шешімді қаламсаппен жазатын едік. Қазір технология дамып, барлығы жеңілдеді. Тек заңмен адал жұмыс істеу керек. Өкінішке қарай, заңдар жиі өзгеріп жатыр. Сол себепті де, судьялар көп оқып, ізденуі қажет. Әсіресе, жас судьялар мен мамандар әрдайым білімін жетілдіріп отыруы керек, – деп сөзін қорытты ардагер судья.

Ғалым ЕРТАЕВ,
Шымкент қалалық сотының судьясы

МІНБЕР

Мемлекет басшысы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтар құқығын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы екенін айтып, сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыруды тапсырды.

СОТ АКТИСІ - СУДЬЯ ЖҰМЫСЫ МЕН САУАТЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Шын мәнінде, қоғамның сот төрелігі, әділдік, туралық жайлы пікірі соттың шығарған сот актілеріне қарай қалыптасатыны жасырын емес. Әдетте «судья – халықтың ары, мемлекеттің айнасы» дейміз. Ал, сот актісі – кез келген судьяның жұмысы мен сауатының көрсеткіші. Сондықтан, Мемлекет басшысы тарапынан берілген тапсырма аясында соттарда маңызды реформаларды жүзеге асыру қолға алынды. Осы орайда «Кеңескен істе кемшілік болмайды» – демекші, сот төрелігін заманға сай жаңғыртуда судьялар мен адвокаттардың, заңгерлер мен сот қызметкерлерінің ұсынысы ескеріліп, әзірленген «Сот жүйесінің 7 түйіні» жобасының орны бір төбесі. Оның бір бағыты «Сапалы нәтиже» еді. Аталған бағыт шеңберінде сот актілерінің са-

пасын арттыру бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілді.

Атап айтсақ, елімізде сот актілерінің сапасын арттыру үшін жаңа нормативтік қаулылар қабылданып, Жоғарғы Соттың «Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы» нормативтік қаулысына 2018 жылдың 1 қыркүйегінен бастап өзгерістер енгізілді. Өзгерістер мен толықтыруларда АПК-нің 222-бабының екінші бөлігіне сәйкес төрағалық етуші сот шешімі жария етілгеннен кейін оны қабылдаудың құқықтық негіздері мен салдарларын ауызша түсіндіретіндігі көрсетілді. Түсіндірме түсініксіз болған жағдайда тараптарға нақтылаушы сұрақтар қою мүмкіндігі беріліп, бұл туралы сот отырысының хаттамасында тиісті белгі қойылатындығы ескерілген болатын.

Өткенге көз салсақ, бұрын сот актілерінде қоғам түсіне бермейтін аударма, термин сөздер жиі қолданылып, сөйлемдер қиын, түсініксіз тілмен жазылатын. Сот актілерінде шұбалаңқы сөйлемдер жиі қолданыла-

тындықтан, соңына дейін оқып үлгергенше жоғарыда баяндалған мәлімет ұмытылып қалатын кездер жиі кездесетін. Оның үстіне, төрағалық етуші мұндай қорытындыға неге келгенін түсіндіріп жатпайтын. Бұл сотқа қатысушыларды жиі түсінбеушілікке алып келетін. Мұның соңы тағы да сотқа жүгіну, басқа органдарға арыз жазумен «сыйырқұйымшақтанып» жалғаса беретін. Судьяның кәсіби деңгейіне күмәнді көбейтетін.

Жоғарғы Соттың бекіткен нормативтік қаулылары жоғарыда аталған кемшіліктерді жойып, сот актілерінің жаңа параметрлері жасалып, сот шешімдері мен үкімдерінің мазмұнына, құрылымына, тіліне қатысты талаптар өзгертілді, сот шешімдері қарапайым әрі жатық тілмен түсіндірілетін болды.

Сонымен қатар, сот актілерінің сапасын арттыру бағытында Жоғарғы Соттың ұйымдастыруымен облыстық, аудандық сот судьяларының қатысуымен семинар-тренингтер өткізіліп, арнайы оқулықтар жарық көрді. Соның бірі қылмыстық және азаматтық істер бойынша 300 сот актісінен тұратын «Сот актілерінің мемлекеттік тілдегі үлгілері» жинағы. Бүгінде бұл жинақ судьялар мен сот қызметкерлері үшін көмекші құралға айналды.

Резонансты істерге қатысты шыққан сот шешімі бойынша жедел әрі сапалы ақпарат тарату да бүгінде жолға қойылды. Сондай-ақ, Маңғыстауда өткен жылы сот актілерінің құрылымы мен сапасын жақсарту, судьялардың әдеби тіл нормаларын сақтау, заң терминдерін пайдалану, сот актісін түсіндіру мақсатында азаматтық, әкімшілік, әкімшілік құқықбұзушылық, қылмыстық істер бойынша ең үздік сот актісін шығарған және сот актісін ең үздік түсіндірген судьялар анықталғанын атап өткен жөн.

Қорыта айтсақ, сот актілерін ұғынықты тілде жазу әрі сапалы түсіндіру сот билігінің беделін нығайтуға, қоғамның сотқа деген сенімін қалыптастыруға септігін тигізеді.

А. АТАШЕВА,
Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ДАУ КӨП

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 136-бабына сай, сот орындаушылардың атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талап қою әрекет жасалған (әрекет жасаудан бас тартылған) күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарламағаны өндіріп алушыға немесе борышкерге белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа беріледі делінген.

Статистикалық көрсеткіштерге сүйенетін болсақ, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында көбінесе сот орындаушыларға қатысты даулар қаралады.

2023 жылдың 9 айы ішінде 197 арыз түсіп, 26 арыз 2022 жылдың қалдығы, бұның ішінде 96 арыз қайтарылды, 28-і қанағаттандырылған, 43-іне қанағаттандырудан бас тартылған, 32 әкімшілік арыз бойынша тараптар медиациялық келісімге келген.

Әсіресе, азаматтар жеке сот орындаушылардың әрекеті заңсыз, әділетсіз деп жиі шағымданады. Атап айтсақ, еңбекақыны, алиментті өндіріп алу туралы материалдар бойынша арыз-шағым көп.

Сот орындаушылар тарапынан борышкердің мүлкіктік жағдайын, соның ішінде жұмысқа орналасқаны туралы арнайы базаны уақытылы

барлық активтерін анықтайды.

Сотқа шағымданушылар кей жағдайда «сот орындаушы есепшотымды алдын ала ескертусіз жауып тастады» деген шағым айтып жатады. Алайда, заңнамада сот орындаушысы борышкерді алдын ала ескертпей оған тиесілі есепшоттарына тыйым сала алатыны көзделген.

Дегенмен, сот орындаушылар атқарушылық өндіріс бойынша тараптарға қозғалған атқарушылық іс жүргізу, қойылатын талаптар мен іске асырылған атқарушылық іс-әрекеттер туралы хабарлауға міндетті. Атқарушылық іс жүргізу қозғалғаннан кейін сот орындаушысы борышкердің өндіріп алушы алдындағы міндеттерін орындауда міндетті түрде хабардар ете отырып жүргізуге тиіс.

Сонымен қатар, сот сот орын-



нағаттандырудың кезектілік тәртібін түсіндіреді.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру. Осы мақсатқа жету үшін әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу маңызды.

Айта кететін жағдай, мұндай сот даулары барлық сатыларды қоса алғанда 11 айға дейін созылуы мүмкін. Бұл ретте соттың негізгі шешімі орындалмай жата береді. Адамдар сот өздерінің пайдасына өндіріп берген нәрсені ала алмайды.

Мысалы, 2022 жылғы 14 желтоқсандағы соттың шешімімен жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен 369 млн теңге жеке тұлғаның пайдасына өндірілген. Жеке сот орындаушысымен атқарушылық іс жүргізу қозғалған.

Борышкер сотқа арызданып, жеке сот орындаушының банктегі есепшоттарына, мүліктеріне тыйым салған қаулыларын және әрекетсіздіктерін заңсыз деп тануды сұраған.

2023 жылғы 9 маусымдағы соттың шешімімен талап арыз ішінара қанағаттандырылып, жеке сот орындаушының тыйым салу туралы қаулыны тиісті түрде хабарламаған әрекетсіздіктері заңсыз деп танылып, талап-арыздың атқарушылық әрекеттерді орындау, мүлікке тыйым салу туралы қаулыларын заңсыз деп тану туралы талап-арыздың бір бөлігі қанағаттандырыусыз қалдырылды.

Қазіргі уақытта соттың шешімі заңды күшіне енбеген, жоғары сатыдағы сотта қаралуда.

Борышкерлер шағымдану құқығын көбіне теріс пайдаланады және оны орындалу процесін созу үшін пайдаланады. Осы уақыт ішінде олар мүлік пен ақшаны жасыруы мүмкін.

Мария ШАРИПОВА,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Қазіргі таңда автокөлік қоғамда өзіндік орны бар мүлікке айналып, жол қозғалысының ажырамас бөлігін құрайды. Көліктің түрлері мен санының артуы салдарынан жол-көлік оқиғасы бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтардың көрсеткіші өсіп, онда зардап шеккендердің саны күрт көбейгені байқалады.

ЖОЛДАҒЫ ЖҮГЕНСІЗДІК КЕМІМЕЙ КЕЛЕДІ

Қазақстанда ғана емес, дүниежүзі бойынша жол-көлік оқиғалары мен соның салдарынан болатын жарақат алу мен өлім азаймай отыр. Соның ішінде елімізде жол апатынан зардап шеккендер саны басқа елдердегі қарулы қақтығыстардан қаза табатындардың санынан кем емес.

Жол-көлік оқиғаларына – көлік құралдарымен болған апаттар, қаза тапқан немесе жарақаттанған адамдар, зақымданған құрылыстар, т.б өзгедей материалдық зиян келтірілген жағдайлар жатады. Ол әсіресе, ірі мегаполистер мен халық көп шоғырланған орталықтарда кездеседі.

Қазіргі таңда автокөлік санының артуы қоршаған ортамызға бірқатар теріс салдарын тигізгенін көріп отырмыз.

Жол қозғалысы оқиғасы өздігінен туындамайды, ол қозғалысы ережелерінің қандай да бір талаптарын сақтамағандықтан болады. Жүргізушілердің дені жылдамдықты шамадан тыс арттырып, тыйым салынған және қауіпті аймақтарда алдында келе жатқан көлікті басып озуға тырысады. Ал мұндай желігуді соңы көбіне қайғылы апатқа, орны толмас өкінішке ұрындырып жатады. Әсіресе, елді мекендерде, қала ішінде, ауыл көшелерінде жылдамдықты арттыру өте қауіпті екенін жүргізушілер ескере бермейді.

Автокөлік жолдарындағы жол-көлік оқиғалары, жылдамдықты шектен тыс асыру, алкогольдік ішімдіктер мен психоактивті зат-

тарды пайдаланған күйде көлік жүргізу, смартфондар мен басқа құрылғыларға ойды бөлу, арақашықтықты сақтамау, басып озу жол ережесін бұзып қарама-қарсы жолға шығып кету, табиғат жағдайының ықпалы, жаяу жүргіншілердің арнайы белгілі бір апатты белгіленген жолдан өтпеуі, т.б. басты себептер.

Жол-көлік оқиғаларына көбінесе жүргізушінің әрекеті немесе әрекетсіздігі түрткі болатыны байқалады. Көлік құралын басқарған кінәлі тұлғаға кез келген апатты жағдайда оның белгілі бір апатты оқиға сәтіндегі психологиялық жай-күйі әсер етеді.

Жол-көлік оқиғасы ең алдымен азаматтарға экономикалық шығын алып келеді. Жол қозғалысы оқиғаларының салдары көптеген адамдардың өміріне және денсаулығына қатер. Заң талаптары қатаңдатылып, айыппұл көлемі артса да желік құған көлік иелерінің жауапсыздығына бұл шектеулер тыйым болмай тұр.

Кейбір жүргізушілер сапасыз жолды, бағусыз малды себеп етіп өздерін ақтағандай болады. Алайда көлік тізгіндеген адам бәріне дайын болып, жолда сақтық шараларын сақтауы керек.

Махиза СӘРСЕМБИЕВА,
Атырау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің жетекші маманы

Сотқа шағымданушылар кей жағдайда «сот орындаушы есепшотымды алдын ала ескертусіз жауып тастады» деген шағым айтып жатады. Алайда, заңнамада сот орындаушысы борышкерді алдын ала ескертпей оған тиесілі есепшоттарына тыйым сала алатыны көзделген.

тексермеу фактілері, атқару өндірісі бойынша мәжбүрлеу шараларын, қарызды өндіріп алу туралы қаулыларын уақытылы шығармау туралы шағым да баршылық.

Сот орындаушысы заңда белгіленген тәртіппен орындауға қатысты мәселелер бойынша қаулылар шығаруға; әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамалар толтыруға; атқарушылық әрекеттер жасау кезінде туындаған мәселелер бойынша қажетті ақпаратты, түсініктемелер мен анықтамаларды алуға құқылы. Борышкерлердің банктердегі ақшалары мен бағалы қағаздарына осы заңда көзделген тәртіппен тыйым салуға; мүліктің кімге тиесілі екенін анықтағанға дейін оған уақытша тыйым салуға құқылы.

Сот орындаушысы өз қызметінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасалуына жол бермеуге міндетті.

Сот орындаушылар жүргізетін істердің барлығы атқарушылық құжатты орындатуды көздейді. Бұл заңмен бекітілген. Сот орындаушы ең алдымен борышкердің банктегі есепшоттарына тыйым салуды қолдануға міндетті. Іс жүргізу кезінде сот орындаушысы борышкердің

даушысының атқару өндірісі бойынша Атқарушылық іс жүргізу заңымен көзделген қағидаттар мен талаптары толық көлемде сақталуын қадағалайды.

Жеке сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу өндірісін қозғаған кезде өндіріп алушымен атқарушылық құжаттың орындалу шарттары туралы келісім жасасады, өндіріп алушының осы заңда көзделген құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Мемлекеттің кірісіне өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар және істердің әлеуметтік маңызы бар санаттары бойынша атқарушылық іс жүргізуді жеке сот орындаушысы келісім жасаспай қозғайды.

Сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу өндірісін қозғаумен бір мезгілде осы заңда көзделген атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды, сондай-ақ, атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы тексеру жолымен борышкерге қатысты өзге де атқарушылық іс жүргізудің бар-жоғын анықтайды. Олар анықталған жағдайда өндіріп алушыға хабарлайды және осы заңға сәйкес оның талаптарын қа-

ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ ҮШІН КҮРЕС ЕШҚАШАН ТОҚТАМАЙДЫ

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен рухани болмысының негізгі тірегі. Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамайды.

Халықтың өз тілінде ұғынықты жазылған заңдар ұлттың құқықтық санасын, қоғамның құқықтық мәдениетін көтереді. Айқындықты, нақтылықты талап ететін заң мәтіні артық сөзсіз, ресми стиль талаптарына сай, ұлт тілінің сөйлем құрылысын және термин қолданысының мағынасын сақтай отырып жазылуы тиіс. Заң мәтініндегі терминдер құқықтық норманы бұрмаламай, мән-мазмұны дәл жеткізілуі керек.

Азаматтардың қазақ тілін игеру деңгейіне қарай мемлекеттік тілді кезек-кезеңімен енгізу біртіндеп жүзеге асырылуда. Қоғамда, әсіресе, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілін қолдану аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар.

ҚР «Тіл туралы» заңы 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданды. Осы заңның 4-ші бабында: Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Сонымен бірге, Үкімет, мемлекеттік органдар мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға және қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы мен дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті» деп көрсетілген.

Тіл туралы заң қабылданғаннан бері, оны жүзеге асыру үшін Үкімет бірқатар қаулылар қабылдады. Соның бірі – 1998 жылғы 14 тамыздағы «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» қаулы.

Қылмыстық істерді қараған кезде судья ҚР Қылмыстық кодексінің және өзге де заңдардың нормаларын қолданады. Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілі. Сонымен қатар, тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы да бар. Алайда, қаншама жетілген заңдар, бағдарламалар қабылданғанымен, оны іске асыратын – адамдар. Сондықтан әрбір қазақ азаматының бойында өзінің ана тіліне деген құрметі, оның құдіретіне бас июшілік сезімі қалыптаспайынша, қазақ тілінің көсегесін көгерту қиын.

Саттығұл ЕРКЕБҰЛАН,
Ақтөбе қаласы №2 сотының аға сот приставы

ШАҚШАДАҒЫ ЕСІРТКІ

Есірткі тасымалдаушылардан қулық артылмаған. Түркістан облысы Сарыағаш ауданының тәртіп сақшыларына «Жібек жолы» шекара бақылау бекеті қызметкерлерінен есірткі алып өтпекші болған Өзбекстан азаматы туралы хабарлама келіп түскен.



Нақтырақ айтсақ, Өзбекстаннан Қазақстанға өтпекші болған ер адамды тексеру барысында, қызметкерлер «Наоми» атты қызметтік иттің көмегімен күдіктіні ұстады.

Полицейлер күдік тудырған адамға тінту жүргізу барысында киімінің қалтасынан насыбай шақшасына жасырып қойған есірткіге ұқсас затты тапты. Сараптама қорытындысы бойынша табылған заттың «гашиш» екені расталды.

Қазіргі таңда күдіктіге қатысты ҚР ҚК-нің 286-бабымен «Айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы» бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

24. «Bereke Bank» АҚ баланстық мүлкігі сату бойынша сауда-саттық (аукцион) өткізетіні туралы хабарлайды:

№1 Лот: Келесілерден тұратын мұнай терминналы:

Жабдығы бар ЖЖМ сақтау қоймасы түріндегі жылжымайтын мүлік, жалпы ауданы 2033,7 ш.м. Әкімшілік-тұрмыстық корпус, А1 литері - төрт жайдан тұратын Жертөле, А литері – үш кабинеттен, 2 дәлізден, екі ыдыс жуатын бөлмеден, асханадан, асүйден, қызметкерлерге арналған бөлмеден, зат қоятын бөлмеден, өрт сөндірушілерге арналған бөлмеден, екі санитарлық тораптан, төрт әжетханадан, шеберханадан, екі жайдан, желдету шахтасынан, тамбурдан, қоймадан, зертханадан тұратын 1-қабат, он екі кабинеттен, екі дәлізден, жеті әжетханадан, киім ауыстыратын бөлмеден, жуынатын бөлмеден, екі санитарлық тораптан, кір жуатын бөлмеден тұратын 2-қабат, он төрт кабинеттен, екі дәлізден, төрт әжетханадан, үш санитарлық тораптан тұратын 3-қабат; Асфальт – 10628,58 ш.м. (I), Дуал L = 1636,68 қ.м. (II), трансформатор бөлмесі – 64,4 ш.м. (III), автоқю – 104,4 ш.м., (IV), КСС – 4,0 ш.м. (V), дизелді электр станциясы 9,5 ш.м. (VI), жинақтық трансформаторлық қосалқы станция – 62,4 ш.м. (VII), БРҚ -13,5 ш.м. (VIII), теміржол қатынас жолы – L = 1212,0 қ.м. (IX), эстакада – L = 251,53 қ.м. (X), РВС (4 дана) – 10000 м3. (XI), РВС (2 дана) – 5000 м3 (XII), РВС (2 дана) – 1000 м3 (XIII), технологиялық құбыржол L = 319,0 қ.м. (XIV), дуал L = 63,0 қ.м. (XV), қақпа L = 5,00 м. (XVI), сұйықтыққа арналған ыдыс – 70 м3 (XVII), кеспекше – 1376,43 ш.м. (XVIII), қақпа L = 6,00 м. (XIX), чиллер – 12 ш.м. (XX). Б-литері – жалпы ауданы 47,5 ш.м. қазандық; В-литері – жалпы ауданы 398,9 ш.м., оператор бөлмесінен, екі инженер бөлмесінен, қазандықтан тұрады; Д-литері – жалпы ауданы 374,5 ш.м. сорғы бөлмесі, дәлізден, БӨАЖА шеберханасынан, БӨАЖА қалқандығынан, қалқандық электрикадан, сорғы бөлмесінен, екі желдету камерасынан, киім ауыстыратын бөлмеден, әжетханадан, санитарлық тораптан, екі оператор бөлмесінен тұрады; Е-литері – жалпы ауданы 93,8 ш.м. сорғы бөлмесі; Е-литері – жалпы ауданы 20,1 ш.м. БӨП, өтетін бөлмеден және БӨП-дан тұрады; Ж-литері - жалпы ауданы 20,5 ш.м. БӨП, ұзындығы 77,1 м., d = 377, d = 426 мұнай құбыры (сыртқы құбыр жолының басы), жалпы ауданы 7,6360 га бөлінітін жер телімі бар, меншік құқығында тиесілі, кадастрлық нөмірі 13-200-079-184, мақсатты тағайындалуы: жанар-жағармай материалдарын сақтауға арналған қойма құрылысы және оны пайдалану үшін, салынған жылы 2013, күйі – жақсы, орналасқан мекенжайы: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өмірзақ а., №10 Өндірістік аймақ, №8 ғимарат.

УОМ-16К мұнайлы ақпа суды тазартуға арналған модульдік қондырғы түріндегі жылжымайтын мүлік, жалпы ауданы 12,8 ш.м., құрылыс ауданы 14,5 ш.м. (А) канализация құдығы d = 0,74 (I), тазартылуға суға арналған ыдыс V = 25,32, L = 16,0 (II), қоршау L = 196,17 қ.м., Н = 4,00 (III), ақпа суға арналған ыдыс V = 33,24, L = 21,0 (IV), тазартылған суға арналған ыдыс V = 25,32, L=16,0 (V), төсем – 653,9 ш.м. (VI), лафетті оқпан – 5,7 ш.м. (VII), лафетті оқпан – 5,7 ш.м. (VIII), жалпы ауданы 0,2710 га бөлінітін жер телімі бар, меншік құқығында тиесілі, кадастрлық нөмірі 13-200-079-122, мақсатты тағайындалуы: жанар-жағармай

материалдарды қоймасын пайдалануға арналған, салынған жылы 2014, күйі – толық қанағаттанарлық емес, орналасқан мекенжайы: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Өмірзақ а., №10 Өндірістік аймақ, №8/2 ғимарат.

Ұзындығы 154,83 м., d=377, d=426 мұнай құбыры түріндегі жылжымайтын мүлік (сыртқы құбыр жолының ортаңғы бөлігі), жалға алу құқығын сату талаптарында 12.09.2029 жылға дейін уақытша ақылы ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында тиесілі жалпы ауданы 1,7514 га бөлінебейтін жер телімі бар, кадастрлық нөмірі 13-200-075-580, мақсатты тағайындалуы: жанар-жағармай материалдарын сақтау қоймасының аумағын кеңейту үшін, күйі – толық қанағаттанарлық емес, орналасқан мекенжайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қ., №7 өндірістік аумағы, №24/1 жер телімі.

Ұзындығы 194,04 м., d=377, d=426 мұнай құбыры түріндегі жылжымайтын мүлік (сыртқы құбыржолдың соңғы бөлігі), жалға алу құқығын сату талаптарында 12.09.2029 жылға дейін уақытша ақылы ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында тиесілі жалпы ауданы 0,1295 га бөлінебейтін жер телімі бар, кадастрлық нөмірі 13-200-092-780, мақсатты тағайындалуы: сыртқы құбыржол құрылысы және оны пайдалану үшін, күйі – толық қанағаттанарлық емес, орналасқан мекенжайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қ., №7 өндірістік аумағы, №24/1 жер телімі.

Бастапқы сату құны: ҚҚС есебімен 5 059 992 000 теңге;

Ең төменгі сату құны: ҚҚС есебімен 5 211 791 760 теңге;

Кепілдік жарна сомасы: 252 999 600 теңге;

Сауда-саттық әдісі: бағаны көтеру;

Аукцион адымы: 151 799 760 теңге (сатудың бастапқы құнынан 3%);

Сауда-саттық өткізілетін орын: ҚР, Алматы қ., Өл-Фараби даңғылы, 13/1, кЗв, «Нұрлы Тау» БО, «Bereke Bank» кеңсесі;

Сауда-саттық өткізілетін күн: 2023 жылғы 28 қараша;

Сауда-саттық өткізілетін уақыт: 11 сағат 00 минут;

Сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау және кепілдік жарнаны төлеу: 2023 жылғы 27 қарашада 11 сағат 00 минутқа дейін

Кепілдік жарнаны төлеу келесі төлем деректемелері бойынша жүргізіледі: «Bereke Bank» АҚ, № KZ96914992860KZ000NB шот – заңды тұлғаларға, № KZ69914992860KZ000NC шот – жеке тұлғаларға, БСК BRKEKZKA, БСН 930740000137, ТТК 171.

Сатып алынған бағасы сауда-саттық жүргізілген сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде келесі деректемелер бойынша төленеді: «Bereke Bank» АҚ, № KZ83914398111BA01544 шот – заңды тұлғаларға, № KZ53914398111PA00341 шот – жеке тұлғаларға, БСК BRKEKZKA, БСН 930740000137, ТТК 721.

Сауда-саттықты (аукционды) өткізу ережелерінен келесі сілтеме бойынша интернет-ресурста таныса аласыздар: <https://berekebank.kz/static/666f4541-710e-47f2-ace3-f78ff6bcb82b>.

Өтінімдерді және басқа мәліметтерді/анықтамаларды қабылдау бойынша Алматы қ., Өл-Фараби даңғ., 13, кЗв, «Нұрлы Тау» БО, «Bereke Bank» АҚ ғимараты мекенжайы бойынша сағат 09-00-ден 18-00-ге дейін сенім білдірілген тұлға Рустем Рахимов Рахимовқа жүгіне аласыздар, тел.: +7 (727) 321 01 20, ішкі 601184.

23. Қазақстан Республикасы Түрпиз және спорт министрілігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті «Күрес түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары

1. Орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны, негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы көрсетілген кәсіпорынның атауы:
- «Күрес түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Астана қаласы, Кабанбай батыр даңғылы, 43, мекенжайында орналасқан, тел. 8 (7172) 70-25-75, 8 (7172) 70-25-95.

Кәсіпорынның негізгі қызметі спорт шеберлігін арттыру үшін спортшылардың жыл бойындағы орталықтандырылған дарылығын ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

2. Үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары:

Кандидаттар даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі: «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық; Мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өткізген кемінде 5 жыл болуы.

3. Лауазымның міндеттері:

Қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ оның қызметінің әкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды; ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды; оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді; педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды; ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетілдірудің әртүрлі кезеңдерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді; барлық

құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ олардың қызметін жоғары жетістіктер спорты мен бұқаралық спортты дамытуға бағыттайды; жаттықтырушылар, жаттықтырушы-оқытушылар, нұсқаушылар және әдіскерлердің біліктілігін арттыруды, спортшыларды дайындау деңгейін және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спорт саласындағы шет елдің озық тәжірибесін зерделеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды; лауазымды тұлғаларға – орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жеке-жеке бағыттарын жүргізуді тапсырады; қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді; спортшылардың контингентін қалыптастырады, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестері кезінде спортшылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтауды қажетті жағдайларын жасайды; тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның әкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады; ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктарды қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауға дербес жауапкершілікте болады.

4. Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдары; педагогика, психология және физиология негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтінір;
- 2) мемлекеттік және оры тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білім туралы құжаттардың көшірмелері (қосымшалармен);
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтар көшірмесі немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын мұрағаттық анықтама;
- 6) № 075-у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 7) жеке куәліктің көшірмесі;
- 8) адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер (қандидат Е dov арқылы алады).

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби дарылық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау жарияланған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде: 2023 жылғы 10 қарашадан бастап 24 қарашаны қоса жүзеге асырылады.

6. Конкурс өтетін күні мен орны: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 15-кіреберіс, онлайн форматта.

Әңгілемесу күні конкурсқа қатысушыларға қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 15-кіреберіс, № 314 кабинет.

Толық ақпарат алу үшін байланыс телефондары: +7 (7172) 74-02-52, 74-05-66.

лық экономикалық сотының 2023 жылғы 1 қарашадағы ұйғарымымен, мекенжайы: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 287А, «Медео Эстейт» ЖШС-нің «ROADS-BRIDGES» ЖШС-не қатысты, БСН 090440015088, талап арызды бойынша банкроттық туралы іс қозғалды.

16. Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 5 қарашадағы ұйғарымымен, мекенжайы: Астана қаласы, Абай көшесі, 36, «Медео Эстейт» ЖШС-нің «РОТОНДА» ЖШС-не қатысты, БСН 050640027110, талап арызды бойынша банкроттық туралы іс қозғалды.

БАНКРОТТЫҚ

9. Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 31 қазандағы ұйғарымымен, мекенжайы: Астана қаласы, Абай көшесі, 36, «Технология века» ЖШС-нің «KLIVIA» (КЛИВИА) ЖШС-не қатысты, БСН 110240001572, талап арызды бойынша банкроттық туралы іс қозғалды.

10. Алматы қаласы мамандандырылған ауданара-

ӘРТҮРЛІ

15. «Про-Концепт-А» ЖШС, БСН 081040010310, жарғылық капиталдың 144 968 800 (жүз қырық төрт миллион тоғыз жүз алпыс сегіз мың сегіз жүз) теңгеден 90 852 000 (тоқсан миллион сегіз жүз елу екі мың) теңгеге азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Искендеров көшесі, 54 уы. Тел.: 87272646445, 26444189.

22. Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты Бейсқали Азамат Николаевичтің өтініші бойынша 31.10.1972 жылы туған Шайтулов Даулет Николаевичті қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық ісін қарастырып жатыр. Шайтулов Даулет Николаевич туралы мәліметі барлар Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына (тел. 87773954060) немесе Бейсқали Азамат Николаевичке (тел. 87021567198, тұрғылықты жері: Астана қаласы, Есіл ауданы, С.Т., 7 көше, 262 ғимарат) хабарласуды сұраймыз.

МҰРАГЕРЛІК

13. 2023 жылдың 2 мамыр күні қайтыс болған Аширбаева Анара Келгенбаевнаға қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлерінің және мүдделі тұлғалардың жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы, тел.: 87014743502.

14. 24 маусымда 2021 жылғы қайтыс болған Псамба-

17. Алматы облысы ветеринария басқармасының (бұдан әрі – АО ВБ) «Балқаш ауданының ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК (БСН 120340017950), АО ВБ «Еңбекшіқазақ ауданының ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК (БСН 120340017415), АО ВБ «Жамбыл ауданының ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК (БСН 120340018314), АО ВБ «Іле ауданының ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК (БСН 120340005868), АО ВБ «Қарасай ауданының ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК (БСН 120340022917), АО ВБ «Кеген ауданының ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК (БСН 180840029656), АО ВБ «Райымбек ауданының ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК (БСН 120340017960), АО ВБ «Талғар ауданының ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК (БСН 120340017554), АО ВБ «Ұйғыр ауданының ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК (БСН 120340021710) қосу жолымен АО ВБ «Қонаев қаласының ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК (БСН 120340020534) ретінде қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Сонымен қатар, АО ВБ «Қонаев қаласының ветеринариялық пункттері бар ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК АО ВБ «Алматы облысының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК болып қайта аталатынын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, Алматы облысы, Қонаев қаласы, Ветеринариялық бекет, 3, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87272728077, 87084577375.

19. «ВЦМ Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Тарату компаниясының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протазанов атындағы көше, 121) Серіктестіктің Тарату компаниясының шешіміне сәйкес 2023 жылғы 12 желтоқсанда сағат 11,00-ден Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протазанов атындағы көше, 121, мекенжайы бойынша «ВЦМ Инвест» ЖШС қатысушыларының зекестен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы өз қатысушыларын хабардар етеді.

Қатысушыларды тіркеу 2023 жылғы 12 желтоқсанда көрсетілген мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2023 жылғы 11 желтоқсандағы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады.

Күн тәртібі: 1. «Аралық тарату теңгерімін бекіту»

Бірінші жиналыста қворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні –26 қантар 2024 жыл.

Серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «ВЦМ Инвест» ЖШС орналасқан жері бойынша танысуға болады.

ев Жомарт Ергалиевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел.: 87022334499.

25. 2023 жылы 4 мамырда қайтыс болған азамат Толстов Михаил Константиновичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Атырау қаласы, «Авангард 3» ықшамауданы, 75 ұй. 5 кенсе.

Тажен Баекешованың

дүниеден өтуіне байланысты отбасына түскен орны толмас ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқпен көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.
ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абай хан даң., 60, Мақатаев көш.киылысы, 208 кенсе.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмаcы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривонова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шымерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Калиасқаров Нұрлан Нұрғисыңұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Өділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

БАЙҚАУҒА!

«Ол өлгенше, сен неге өлмедің?». Шағын қаланың шетіндегі үйде айтылған жас қыздың осы бір сөзі Болаттың санасынан шығар емес. Неге олай деді? Мұнда қандай жұмбақ жатыр? Инспектор жұмыс орнына келгеннен кейін қалың ойдың тұңғығына сүңгіп кетті. Оған себеп бар. Жаңа ғана мүрдесі судан табылған жігіттің үйіне кіріп, көңіл айтып шыққан. Сондағы көрініс көз алдынан кетпей қойды. Әрине, ол жігіт бұған үш қайнаса да сорпасы қосылмайды. Еш туыстығы жоқ, сырттай таниды. Оның өліміне қатысты қылмысты ашу өзіне тапсырылғаннан кейін, ол үйге кіріп шыққанды жөн санады...

Төрге озғанда байқағаны есікке жақын отырған екі-үш жігіт. Киім киісі мен түрлерінің оңып тұрғаны шамалы. Сірә, араққұмарлар шығар. Біреуін бұрыннан жақсы таниды. Полицияға қылмыс жасап түспегенімен, ішіп жүргенде «қонатын орны» бар. Соңынан оған ақысын, яғни, айыппұл да төлейді. Өлген жігіттің туған бөлесі. Қызара бөртіп отыр. Есімі – Тархан. Бірге тұратын, жастайынан бір үйде өскен бөлек ағасынан айырылып жатқанымен ісі жоқ. Одан әрі бастарына тақия киген тағы да екі қария отыр. Бөлменің сол жағындағы төсекке марқұмның анасы жайғасыпты. Бұл кісінің insult алғаннан кейін есте сақтау қабілеті нашарлап, құлағы көп ести бермейтінін, көзі де нашар көретінін біледі. Ақылы да кіресілі-шығасылы сияқты. Баласы судан табылғанда сөйлесуге келген учаскелік инспектор Қадыржанға мандытып ештеңе айта алмапты. Бүгін қаладағы қарындасы да жетуі тиіс. Онымен де сөйлесіп көрмек. Себебі, судан табылған жігіт – Сарғаттың кісі қолынан жазым болғаны белгілі.

Жүрек тұсына үшкір нәрсе сұғылған. Экспертиза оның пышақ екенін анықтады. Алайда, кім өлтіргені, не үшін екені белгісіз. Ілік болып, ізге түсер ешбір айғақ жоқ. Қылмыскерлер әзірге тайраңдап жүр. Сонымен, Болат көңіл айтып бола бергенде жан сүйегінді сырқыратар зарлаған дауыс естілді. Қарындасы келген екен. Ақ жүзін жас жуған талдырмаш қыз, қара шашын жайып жіберіпті. Солқылдап жылаған күйі, тізерлеп отырып, анасын құшақтады. Қызының дауысына анасының көңілі босап кетсе керек, ол да қосыла жылады. Отырғандар сабырға шақырғанымен, қыз бен анасы мән берген жоқ. Сол кезде Тарханға қасындағы жігіт еңкейіп сыбырлап еді ол:

– Болды ғой, Әсия, неге бақыра бересің? Сен жылады екен деп өлген адам тіріліп келе ме? Неге айтқанды тындамайсың? – деп бөлек қарындасына жекіп тастады. Анасын құшақтап отырған Әсия оған жалт бұрылды. Көзінен от ұшқындағандай. Сөйтті де:

– Сарғат өлгенше, сен неге өлмедің, оңбаған? – деді булығы дауыстап. Отырған қариялар басу айтып, сабырға шақырып, бір келіншек қызды сүйемелдеп келесі бөлмеге алып кетті.

Әсия туған бөлесіне неге бұлай деді? Мұндай сөзді неге айтты? Қанша жерден қайғы жеңіп тұрса да, бұлай деу шексіз жеккөрушілік-

ШЕТКІ ҮЙ



тің көрінісі. Сарғаттың өліміне бөлесінің қандай қатысы бар? Болатқа белгілісі – Тархан ата-анасы жол апатынан қаза тапқаннан кейін осы нағашы апасының қолында өскен. Жездесі араққа жақын, ұр да жық адам болған. Аузына арақ тисе, адам емес, тірі мақұлыққа айналып, отбасының берекетін қашырған. Үнемі соққыға жығылатын әйелі балапанын ерткен қаздай сіңісінің баласын, өзінің ұлы мен қызын жетелеп, үй жағалап кетеді екен. Сөйтіп жүріп оларды ешкімнен кем етпей өсірген. Күйеуі қатты ауырып емделіп, жазылғаннан кейін арақты қойып, шағын қаланың бір шетінен жер алып, осы үйді салып, кірген. Бірақ, үш жыл өткен соң дүние салған. Ол өмірден озғаннан кейін әйелі де ауырып, жұмыстан қалған. Сонда бар ауыртпалық жалғыз ұлы Сарғаттың мойнына түскен. Басқа қаладағы жұмысын тастап, үйіне оралып, бір мекемеге қызметке орналасып, анасын баққан. Ал, Тархан болса бір рет үйленіп, ажырасқан. Тұрақты жұмысы жоқ. Қызметіне жауапкершілікпен қарамайтын, сенім артуға жарамайтын, аузы арақтан құрғамайтын адамды қандай мекеме сыйғызын? Солай бола тұра онда үнемі ақша жүреді. Әсияны мектеп бітіргеннен кейін Сарғат өзі жұмыс жасайтын қалаға апарып, жоғары оқу орнына түсірген. Енді міне, таңертең қармаққа кеткен жігіт, өлі табылып отыр. Оның жоғалып кеткенін полицияға Тархан хабарлаған. Үй шетте орналасқандықтан, мұнда не болып, не қойып жатқанын білетін жақын көршілері де жоқ. Туыстары да ұйымшыл емес, көп араласа бермейтін көрінеді.

Сарғатты жер қойнына тапсырғаннан кейін Болат Әсияны шақырып алды. Кімнен күдіктенетінін, бөлек ағасына неге қатты сөйлегенін сұрады. Қыз басқа түскен қайғыға көндіксе керек, өзін сабырлы ұстады. Учаскелік инспектор Қадыржанның сұрақтарына да салмақты жауап қайтарды.

– Бөлек ағам туралы не айтамын? Иә, бірге өстік. Қазір мен қалада-

мын. Араққұмар екені рас! Сарғат екеуі жиі сөзге келіп қалатын. Бірде ағам оған: «Өзің ішкеніңмен қоймай, үйге неге маскүнемдерді жинайсың? Бұл саған ішкіштер мекені ме? Әлде ресторан, тойхана ма? Ауру адам бар екенін білесің. Саған қанша рет айтуға болады? Әкем өмірден өткенде үшеуімізді адам еткен осы шүйкедей анамыз емес пе? Неге қадірін білмейсің? Қаладағы қарындас келіп жатыр. Енді, осылай ететін болсаң, үйден қуып жіберемін», – деп ұрысқан. Тарханның: «Маған олай деме? Мені қуып шығатындай жалғыз сенің үйің емес!» деп жауап қатқанын естідім. Ол әйелінен де сол арақтың кесірінен ажырасқан. Екі рөмке ішсе басы істемейді, – деді Әсия

– Сіз сонда Тарханды ағаңызбен ұрысқаны үшін жек көресіз бе? Әлде, басқа себебі бар ма?

– Мектеп бітіретін жылы үйде жалғыз отырғанымда Тархан ішкен күйінде маған ұрынып, құшақтамақ болды. Оның қалтасынан тастамайтын сабы қызыл пышағы бар. Соны тамағыма тақады. Сүйемек болғанда жылап, жұлқынып, ебін тауып босап, кеудесінен итеріп тастап, далаға жүгіріп шықтым. Содан Сарғат жұмыстан келгенше үйге кірген жоқпын. Келесі бөлмеде төсек тартып жатқан анама ештеңе айтпадым. Ол ауру адам ғой. Сарғат естігеннен кейін ұйықтап жатқан Тарханды оятып алып, екеуі төбелесіп, бөлек ағам оңбай таяқ жеді. Сөйте тұра: «Келесіде осылай қол көтерсең, түбіңе жетемін», – деп қалтасынан қызыл сапты пышағын шығарып, қоқанлоқы жасады. Ертеңіне бөлек ағам менен кешірім сұрады. Алайда, оны әлі кешірген жоқпын. Себебі, тәнім емес, жаным жаралы.

– Бәрі түсінікті. Неге полицияға арызданбадыңыз?

– Қорықтым. Ол бәрібір мойындамайды ғой. Көзбе-көз жолықтырсаңыздар да жоққа шығарады. Туысым болғанымен, одан қорқамын. Арамыздағы әңгімені оған айтпай-ақ қоярсыздар.

Инспекторлар қызбен біраз сөй-

лескенімен, қылмысқа қатысты еш ақпарат қолдарына ілікпеді. Бірер сағаттан кейін, Тархан шақырылды. Сол баяғы қалпы. Бөлмеге кірген бойда арақ иісі мұңкіп кетті. Бөлек ағасының қаделерін өткізбей жатып шақыртқандарына ол қатты ашуланды. Қыстай қатқыл жүзінен ызғар ескен жігітке инспекторлар мұны қылмысты тез ашу үшін жасап отырғандарын түсіндірді.

– Сарғат екеуіміз бала кезімізден жақсымыз. Ол маған әрдайым кешіріммен қарайтын. Сау кезімде алдағы жоспарларымен бөлісетін. «Мына жаға бойындағы жерлерді алып жатырмын. Егін саламын. Жылыжай жасап, қыста да өнімдерімізді сатамыз. Сен арағыңды қой. Маған көмекші керек», дейтін. Сол күні Әсияның маған неге олай дегенін түсінбедім. Иә, ішетінін үшін жек көретінін білемін. Бәлкім, қайғырып отырған соң, дауыс көтергеніме ренжіп, ашу үстінде «Ол өлгенше, сен неге өлмедің?» деген шығар. Сарғат оған қарсы келмейтін. Мен кейде бір нәрсе ұнамай қалса, сөйлеп тастайтынмын. Шыны керек, бөлек қарындасымын мінезі жайлы еді. Мұндайды күтпегенмін. Маған оқтай атылған сөз болды.

Біраз әңгімелескеннен кейін жігіт жөніне жіберілді. Полиция инспекторлары оған Әсиямен арада болған әңгімені, қызыл сапты пышақ жайлы айтқан жоқ.

Ертеңіне Болат пен Қадыржан мүрде табылған жерді тағы бір қарап шықты. Тарханды ертіп Сарғат қармақ құратын жерге келді. Онымен қылмысқа айғақ болар ештеңе таппады. Кері қайтқалы жатқанда арғы бетте қармақ құрып отырған бір адам көзге түсті. Болат неге екені белгісіз соған барғысы келді. Қастарына Тарханды ертіп үшеуі көпірмен айналып балықшының ту сыртынан шықты. Көліктерін тастап, қасына жақындады.

– Ағасы тұртуі қалай, балық бар ма? – деген Болаттың дауысына балықшы жалт бұрылды. Егде кісі

екен. Формамен жүрмеген соң мән бермей:

– Бұйырғаны болады ғой. Тек әрірек тұр, сәл қашықтау қармақ құр. Әйтпесе, желкіміз шатасып қалады, – деді.

– Сіз күнде осында отыратын сияқтысыз. Таңертең де, кешке де көремін, – деді инспектор сыр тарта сөйлеп.

– Иә, – деді балықшы оның жалған айтқанына сеніп – Кейде түске дейін, кейде түстен кейін келемін. Зейнеткермін, үйде жатып не бітіремін? Ертең менің жасыма жеткен соң сен де сөйтесің. Таңертең келіп кешке бір-ақ кететін де күндерім болады. Өйткені, балық деген «мен осындай уақытта жүремін» деп хабарлап қоймайды ғой. Сарылып күтіп отырсың, бір уақытта қозғала бастайды. Күткен еңбегің ақталады.

Осы кезде қастарына Қадыржан мен Тархан жақындады. Оларды байқаған балықшы орнынан атып тұрды. Түсі бұзылып, діріл қаққанынан, қатты қорқып кеткені бірден байқалды.

– Жігіттер, мен ештеңе көргенім жоқ. Ешкімге ештеңе айтпаймын. Осы уақытқа дейін үндемей келдім ғой. Маған тиіспеңдер, сендердің де мендей әкелерің болар, – деді дауысы жер астынан шыққандай әрең естіліп. Тарханның қолын қалтасынан шығарғанын байқап, тізерлеп отыра кетті. Боранда қалған жолаушыдай дірілдеп, тісі сақ-сақ етеді. Инспекторлар не болғанын түсінбей қалды. Болат келіп балықшыны орнынан тұрғызып, куәлігін көрсетті. Балықшының екі көзі Тарханда. Қадыржан оның қармағын балық жұлқып жатқан соң тартып еді, шағын торман түскен екен. Оны өзіне-өзі келе алмай тұрған балықшыға көрсетіп еді, ол мән бермеген соң қасындағы ыдысына тастады.

– Ку-ку-куәлік көр-көрсетіп мені алдамаңдар. Сендер мені өл-өлтіргелі келдіңдер. Себебі, үшеуің арғы бетте бір жігітті жазым еткендеріңді көргенімді біліп қалғаныңдар. Мені қамыстың арасынан көрмеді ғой деп ойлап едім. Қателескен екенмін. Екеуің ол марқұмның қолынан ұстап тұрдыңдар, ал, мына қызыл куртқалы жігіт ұрып жатты. Сосын көлікке салып алып кеттіңдер. Осылай тайраңдап жүрмесіңдер деп ойлап тұрсыңдар ма? Полиция сендерді табады. Мейлі, мен өлермін, бірақ, ерте ме, кеш пе құдай жазаларыңды береді!

Мұны естіген бойда екі инспектор Тарханды бас салып, қолына кісен кигізді. Не болғанын ұқпай қалған балықшыны да көліктеріне салып полиция бөлімшесіне жеткізді. Тархан камераға тоғытылып, балықшы бөлмеге шақырылды. Болат Әсияға хабарласып еді, ол қызыл сапты пышақты жеткізіп берді. Айтуынша Тарханның бөлмесінен тапқан.

– Сол күні әдеттегідей ертемен қармақ құруға келсем, арғы бетте бір жігіт тұр екен, – деді полиция бөлімшесіне келген балықшы жүрегі орнына түсіп, өзін қауіпсіз сезініп, – Мен күнде қармаққа шыққаныммен, ол аптасына 2-3 рет сол жерге келеді. Кейде бір аптадан кейін көремін.

Қанат ҒҰМАРОВ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жаная Ермағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5570 дана
Апталық таралым 11 140 дана

Тапсырыс №169 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31